

П И О Н Е Р



Май

1954 жыл
Алматы

№ 5



БЛКЖО-ның XII Съезі

Осы жылы март айының 19-26 күндері Кремльдің Үлкен Сарайында БЛКЖО-ның XII съезі болып өтті. Съезге 45 ұлттың 1334 жас жігіттері мен қыздары жыйналды. ССРО Жоғарғы Советінің Мәжіліс залына делегаттардан басқа шетелдік жастар ұйымдарының өкілдері келді.

Съездің жұмысына СОКП Орталық Комитеті президидумының мүшелері Г. М. Маленков, В. М. Молотов, Н. С. Хрушев, К. Е. Ворошилов, Н. А. Булганин, А. И. Микоян, М. З. Сабуров, М. Г. Первухин жолдастар қатысты.

Съезде Совет Одағының Коммунистік Партиясы Орталық Комитетінен құттықтау келіп түсті. Құттықтау текстін СОКП Орталық Комитетінің секретары М. А. Суслов жолдас оқыды.

Съезде БЛКЖО Орталық Комитетінің жұмысы жайлы А. Н. Шелепин жолдас баяндама жасады.

Баяндамашы комсомолецтер мен жастардың Коммунистік құрылысқа қатысуы туралы айтты. Комсомолецтер мен жастар өнеркәсіпте де, ауыл шаруашылығында да жанқиярлық еңбектің үлгілерін көрсетуде. Комсомолецтер, барлық совет жастары ауыл шаруашылығын және халық тұтынатын заттар өндірісін шұғыл өркендету жөніндегі партия мен үкіметтің шараларын жүзеге асыруға белсене қатысуда.

Совет жастары, — деді баяндамашы, — таяудағы екі-үш жылдың ішінде ауыл шаруашылығының барлық салаларын шұғыл өрге бастыру міндетін алға қойған СОКП Орталық Комитеті сентябрь пленумының қаулысын орасан зор жігермен қарсы алды. Тың және тыңайған жерлерді игеруге қазірдің өзінде 60 мың комсомolec жүріп кетті, ал жастардан 400 мыңнан аса өтініш түсті.

Баяндамада халық ағарту мәселелеріне, мектеп комсомол ұйымдарының жұмысына едәуір көңіл бөлінді. Қазіргі уақытта ССРО-да оқыйтын адамдардың саны 57 миллионнан асты. Жоғарғы және арнаулы оқу орындарында 3 миллионнан аса адам оқыйды.

Съезде БЛКЖО Орталық Комитетінің секретары Туманова жолдас «В. И. Ленин атындағы пионер ұйымының жұмысы туралы» баяндама жасады.

Біздің елімізде жас ұрпақ зор қамқорлыққа бөленген, деді ол. Халық ағарту мен мәдениетке жыл сайын көп қаржы босатылады. Тек соңғы төрт жылда екі миллион оқушыға арналып, 11 мыңдай мектеп салынды.

Баяндамашы пионер ұйымы жұмыстарындағы кемшіліктерді сынады.

Мектептерде оқу жұмыстарының әдісін пионер ұйымдарында қалай болса солай қолдану фактілері кездеседі. Кейбір вожатыйлар жыйындарда қайталау сабағын, тіпті оқу материалдарын үйренуді ұымдастыруға тырысады. «Пән жыйыны» деп аталатын жыйындар кең тараған, бұл жыйындар мұғалімнің жұмысын қайталайды. Көптеген дружиналарда, деді ол, пионерлер үшін жұмыстың бәрін ересек балалар істейді, бұл — дұрыс емес. Кей кезде пионер активтері звеноларды, отрядтарды, дружиналарды басқаруға қатысудан шет қалады.

Съезд пионер ұйымы жұмысын жақсартуға бағытталған қаулы алды.

Съезд БЛКЖО устабына өзгерістер кіргізді.

БЛКЖО XII съезін шет елдік жастар ұйымдарының өкілдері құттықтап, сөз сөйледі.

Съезде БЛКЖО Орталық Комитетінің жаңа құрамы сайланды.





ПИОНЕР

№ 5

Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің пионерлер мен мектеп оқушыларына арналған әдеби-көркем және публицистикалық журналы

М А Й
1954 жыл

Айына бір рет шығады.

Шығуына 16 жыл.



МАЙДАҒЫ ҚУАНЫШ


Өлшеусіз теңіз суындай
Шаттыққа толды үй тағы.
Сымбатты келдің, сұлу Май,
Нұрыңды бойға құй, кәні!

Қуанғыш біздің жүректер,
Туласын, тағы туласын!
Тоғыссын жаңа тілектер,
Көшеміз гулеп, дуласын!

Шаттықпен егіз туғанмын,
Шаттық та менің жолдасым.
Шаттықта салмақ болса егер,
Көтерер ем мың тоннасын...

Қанатын жайды тың жерге
Кәдімгі қызыл ту таныс.
Күш-қуат құйған жылда елге,
Жасасын ұлы қуаныш!

А. Шамкенов.



БЫЙЫЛҒЫ КӨКТЕМ

тық астық аламыз. Соның бәрі халқымыздың қажетіне жұмсалады. Біз бай жеріміздің бетін жүз мыңдаған трактор мен комбайнға толтырдық. Біздің жер жыртып, егін жыйнауымыз дүние бұрын көрмеген ғажайып оқыйғаға айналған. Ұлы партиямыз бен үкіметіміздің халыққа берген техникасының қуаты — ешбір аңыз, ертектерде айтылып көрмеген қуат. Сан миллион гектар жер шағын мерзімде жыртылады да, сол

I


Уақыт өтеді, жыл мезгілдері кезектесіп келе береді. Жарқыраған жаздың орнын суық тарта бастаған, ағаш жапырақтарын сарғайта, қалтырата бастаған бұлтты-бұрқасынды күз басады. Күз өз орнын қар жамылған, мұз төсенген қысқа береді. Уақыт қыстың да қақыраған аяздары мен үскірік борандарын мезгілінен асырмай өз дегеніне көндіреді. Күн ұзарып жылы леп еседі. Бұл кіре бастаған көктем лебі; аспанда көкала бұлт сөгіліп, жерге нөсер жауады. Ағаш бастары ауыр тартып, жерге қайта үніле бастайды. Ағар суға, шығар шөпке де жол ашылады. Біз мұны көктем дейміз. Көктемнің өз әні, өз жыры бар. Көктем суреттері көп үйлердің қабырғаларында ілулі, көп жандардың көңіл күйінде.

Быйылғы көктем де бұрынғыша көп бояулы, көп үнді боп келеді. Быйыл да біз жер мен көктің барлық қызығын, барлық рахатын көреміз.

II

Жыл сайын әр көктемнің өз берері бар; төл қосылып, мал өседі, дән қосылып, егін өседі. Жыл сайын өскен елге лайық жаңа ырыс қосыла береді. Жыл сайын біз молшылыққа, байлыққа жете береміз. Бұл — біздің үрдісімізге-салтымызға айналған.

«Жері байдың елі бай» деп бекерге айтпамаған. Егер жер иесі елдің өзі болса, байлық еселей артуға тиісті. Біздің Совет елі — сондай ел. Сондықтан біздің Отан — теңіздей мұнай ағызудың, темір мен көмір берудің үстіне жойқын астық өндіретін ел. Біз жыл сайын сегіз миллиард пұттан ар-



жерлерге шыққан егін шағын мерзімде жыйналып, қамбаға түседі.

Біздің жерде өскен алтын дән — ата-ана мен баланың, Отан қорғаны — айбынды армияның наны. Біздің өсірген алтын дән ашыққан Индия еңбекшілерін де ажалдан құтқарған...

III

Өскелең ел байыған, молыққан сайын оның ішіп-жемі де арта түседі. Былтырдан быйыл, быйылдан келер жыл көбірек жейміз, көбірек тұтынамыз. Бір кезде сегіз миллиард пұт астық өндіру үлкен арман болса, бүгін о да жетпеуге айналды. Сол үшін де біздің ұлы басшымыз — Совет Одағы Коммунистік Партиясы бүкіл совет халықтарына жаңа ұран тастады. 1954-55 жылдардың ішінде 13 миллион гектар тың және тыңайған жерге жаңадан тұқым егіліп, сол жерлерден бір миллиардтан артық пұт астық алуға шақырып отыр. Осындай



зор міндеттің тең жартысы Қазақстан үлесіне тиді. Ендеше быйылғы көктем — әсіресе, біздің республикамыз үшін ерекше көктем болады. Біздің халқымыз қазір ұлы жорыққа аттанды. Республикамызға быйыл берілетін 53 мың трактор қаптап келе бастады.

Темір тұлпарлар тың жерлерге түседі, жердің нұрын бетіне аударады, күн шұғыласын жылда бойына жұтып, асылданған, топырағы торқа жер барлық қуатын, барлық жемін біз еккен дәнге береді. Быйыл көктем бұлттары да жөңкіліп, нажағайы жарқ-жұрқ ойнап нөсерін тыңға төгеді.

Біз быйыл көз жетпейтін, шексіз-шетсіз жаңа өлкелердің егіс мұқитын көреміз. Жаңа теңіз толқындарында кара жер кемесі — мындаған комбайндар жүзеді.



IV

Быйылғы көктем — туыстық-достық көктемі. Быйылғы көктем — жастық көктемі. Партия тың жерлерге аттануға ұран тастағанда, бірінші үн берген — комсомол ұйымы. 18 миллион лениншіл жастары бар Одақ партия тапсырған ұлы міндеттерді атқа-

КӨТЕРІЛДІ ТЫҢ КҮШ

— Мама, мама, мама! —
Деп кірді үйге Екпін,
Қолымда жолдама,
Колхозға жүрмекпін.

— Тың жерге ме? Жөн сөзі
Көппісіңдер, қалқам?
— Барар жерім — колхоз,
Хатпен бәрін айтам.


Тыңда, мама, тыңда,
Біз миллион, мыңбыз! —
Көтерілер тыңға
Көтерілдік тың күші

Еркеш Ебікенов.

руға бір кісідей дайын екенін көрсетті. Содан бастап Қазақстанға ағылған эшелондарда сан жоқ. Туысқан ұлы орыс халқы мен украин халқының жалынды жастары да қалалар мен селолардан біздің байтақ даламызға құйылды. Олар біздің жерімізді өздеріне жаңа мекен етуге тың жерлерде тың өмір жасауға келді. Жалынды, бауырмал жастар қазақ жеріне барлық жастық қуаттарын, барлық біліктерін төгеді. Олар мінген алып тракторлар жерге жан, көрік береді.

Келген беттен жүз мыңдаған жанның ойдағыдай орналаса кетулері де онай жұмыс емес. Оны жастар да жақсы біледі. Бірақ күні ертең кең далада шагаладай қаптаған мың-мың

ақ шатырлар жана үйлерге айналады. Көтерілген тың далада жүздеген тың қалалар, тың селолар туады. Онда біз жана мәдениет сарайларын, сұлу магазиндер, әсем кітапханалар көретін боламыз. Тыңнан туған село, қалалардың өз орманы өседі. Біз жана үйлердің шатырынан ұшқан ақ көгершін көреміз.



Быйылғы көктем — ерекше көктем. Бұған әрқайсымыз да өз үлесімізді қосуға міндеттіміз.

Әбділда Тәжібаев.



Жаңа қоныс

Нығмет Ғабдуллин.

Әңгіме

Суреттерін салған Н. ЛЕБЕДЕВ.

Әкем өзінің бұрынғы мамандығы бойынша колхозға зоотехник боп баруға жолдама алды да, семьямыз қаладан ауылға көшетін болды. Үйішінің келісімі бойынша, әуелі V класта оқыйтын інім Тайжан, әкем, мен — үшеуміз бара бермекпіз. Өзім бұрын болмаған ауылға жүреміз. Тайжан екеумізге де қаладағы өзіміз оқыйтын орта мектептен керек қағаздарды алғанмын. Енді жаңа жерге, ауылдағы мектепке ауысамыз.

Колхозға баруға әке-шешем қуанып отырғанда, мені қалай көңілсіздік тұманы баса алады! Мұндағы ыстық достарымдай жолдастар ауылдағы мектептен де табылар. Достарым көбейе бермей ме?! Сол үшін де қуанамын!

Бірақ, сіз ешкімге жария ете көрменіз, ауылға көшеміз дегеннен бері Тайжан бір түрлі көңілсіз күйге түсіп еді. Өз ақыл-үгітімді оған айтып-ақ бақтым. Бірақ, бір қалпы: мұңаяды, өзіме сырын төгеді. Жакын

көршіміздің баласы бірінші кластан бері Тайжанмен бір мектепте бірге оқыйтын. Сол досының есімін аузына жиі алады. Рас, ол — ұмытуға болмайтын бала: өзі сондай ақкөңіл, кішіпейіл, сабақты қандай тамаша біледі. Тайжан екеуі де жыл сайын мақтау грамотасын құшақтап шығады...

Ертеңіне жол жүретін болған соң ертерек жатып қалып едім. Біреу бүйірімнен ақырын ғана түртіп оятты.

— Кәрім, сенен бір үлкен сұрақ сұрайын деп едім, — деген Тайжанның күбірі құлағыма келді.

Оң жағыма аунап түсіп, жастықтан басымды көтердім. Тайжан екі қолын тізесіне тіреп, маған төніп, еңкейіп тұр. Қоңырқай сопақша бетінде сүйкімді қызыл шырай бар. Дәл бір суықта коньки теуіп келіп жылы үйге кірген адамның жүзіндей.

— Өзің моншаға түскендейсің ғой, — дедім мен таңырқағандай.

— Манадан печьтің қасында тұрып бір ой ойладым. Соны саған айтайын...— деді Тайжан өтінген пішін көрсетіп.

— Айта ғой.

— Біз ертең ауылға көшеміз ғой. Досыма ескерткішке не беруіме болады? — деп сұрады Тайжан. Үлкен қара көзі бір рет жыпылық етті.

— Көңілің нені дұрыс десе соны бер...

— Соның атын айтсайшы енді!

— Жақсы фотосуретінді беруге болады.

— Менің апаммен түскен бір суретім оның үйінде бар ғой.

— Әдемі кітап беруге де болады.

— Жоқ, бұл да жарамайды,— деді керетімнің бір бұрышына сүйене тұрған Тайжан.— Өзің ойласайшы, менде бар кітап онда жоқ деймісің?

— Ендеше екеуіміз де ертең ойланайық. Түстен кейін жүреміз ғой. Оған дейін қайда?! Және мен ерте тұрайын. Жақсы ма? — деп едім, Тайжан үндемеді...

Таңертең мен оның тықырынан ояндым. Күн шашырап шығып қалыпты. Бөлменің ақ қабырғасына терезе пердесінің саңлауынан сәуле түсіп тұр екен. Екінші бөлмеден әкеммен қатты былдырлап сөйлескен ең кішкентай інімнің ерке, нәзік тілімен айтқан шолжың сөздері естілді. Тайжан төрдегі дөңгелек столдың бетіне газетті жайып жіберіп, көк қатырға тысты бір дәптерді айнала мәнерлеп бояп жатыр. Осы Тайжан түні бойы ұйықтамағаннан сау ма?

Ол менің киініп жатқанымды көріп, қасыма келді.

— Мынау ойым саған енді ұнайды. Сөзсіз деші өзің,— деп жымың қақты ол.

Тайжан әрқашан өзі ойлаған ісін маған бүкпей ақтарып, ақылдасып алатын еді. Оның алдына қайбір үлкен тәжірибемді жая салайын! Бірақ одан жасым үлкен. Сол себепті ол мені өзінің ірі ақылшысына санайтын болса керек.

— Бұл ой есіме түнде түсті,— деді Тайжан көңілді үнмен.

Төсегінде түні бойы дөңбекшуі жаман еді, ой түрткілеген екен ғой ерінді!

— Айтшы қанікей,— дедім естуге асығып, әрі қызығып.

Тайжан көк тысты дәптерін көрсетіп:

— Мынау күнделік. Альбомнан жасадым,— деді. Енді маған дәптер мәнісін түсіндірді.— Осы күнделік дәптерді беремін. Мектептегі және өз басында болған жаңалықтарды әрқұн сайын осыған жазып оты-

рады. Жазғы каникульда жазғанын маған жібереді. Ауылға барған соң мен де оған арнап күнделік жазамын. Ол маған, мен оған осындай ескерткіш ұсынамыз. Оқыймыз да, бір-бірімізді еске аламыз.

— Жақсы ойлапсың. Мұның тамаша ескерткіш,— дедім мен. Жақсы достардың әр күнін көзге елестететін жазба ескерткішті мен де артық көріп, жоғары санадым.

Нақ ауылға жүрер алдында Тайжан «ұмытпайтын сөздер жаз» деп досына осы күнделік дәптерін ұсынды.

Түс ауа көп жолдастар біздерді станциядан қол бұлғасып шығарып салды. Менің жанымда вагонның терезесінен қарап Тайжан тұр еді. Поезд баяу ырғалып жүре бергенде ол кемсендеп, екі көзі жасқа толып, үнсіз қысылып солқылдамасын ба!

— Ауылға бара жатқан адам жылай ма екен? Өзің нашар болмасаң игі едің? — деп әкем сәл күлімсіреп кеп оның арқасынан қағып еді.

— Енді ондай дос табыла ма? — деп Тайжан жасты көзін жұмырығымен сүртіп, ыстық бетін алақанымен басты. Жүрек елжірін баса алмай тұр. Менің де көңілім біртүрлі босап кетті.

— Бұл досын қалада болса, ауылда сені жаңа достар қарсы алады,— деді әкем, ол Тайжанның маңдайынан сүйді де, баласымен қатарласа отырып вагон терезесінен станция жаққа көз салды. Поезд ұзаққырап кетіп еді...

Біз күн бата бір станцияға келіп түстікте, сол түні вокзалда қонып, таңертең автобуспен аудан орталығындағы МТС-қа барып жеттік. Жасыл темір шатырлы, терезелерінің маңдайы әдемі оюмен көмкерілген, үлкен қонақүйдің жеке бір бөлмесіне келе жайғасып та алдық. Әкем МТС-қа кетті.

Тайжан екеуіміз тысқа шығып, қонақүйдің биік табалдырығында сөйлесіп тұр едік. Қатарлап қос жирен ат жеккен, құндыз бөрікті біреу биік тоқыма қорапты солқылдақ тарантаспен көлденең келіп тоқтай қалды. Семіз аттар танаулары делиіп, омыраулары ақ көбіктеніп, тыпыршып тұр.

— Әй шырақтарым, осы ауданның балаларымысындар? — деді делбені айырылып қалатындай қос қолдап ұстаған атшы.

— Жоқ,— деді Тайжан менен бұрын жауап беріп.

— Кімнің баласысындар?

— Нұғмановтың,— деді Тайжан.



— Қәдімгі зоотехник Қадырдың ба? — деді атшы сенбегендей.

Оның бұл сұрағына мен таңырқай қалдым. «Бұл ауданда әкеммен аттас бір зоотехник бар шығар. Бұл кісі соны айтып тұрмасын?»

— Біздің әкеміз қалада қызмет істейтін. Осы ауданның қарамағына зоотехник болып енді келді, — дедім атшыға жайды баяндап.

— Білем. Өзі қайда әкеңнің?

— МТС-қа кетіп еді.

— Қызметке тарайындаған қағазы қолыңда. Одан не алады екен? — деді атшы әкеме ренжігендей болып, — Қане, балақайлар, мініңдер арбаға, кеттік сонда!

— Біздің мұнда чемодандарымыз бар, — деді Тайжан атшы өзін бір жаққа алып кететіндей-ақ сасқалақтап сөйлеп.

— Кім тиер дейсің оған. Қайтып ораламыз қазір-ақ.

Тайжан маған қарады. Былқылдақ тарантасқа мінгісі келіп-ақ тұр өзінің.

— Қане, балақайлар... трр-р, ай, осы қос жиреннің-ақ желігі басылмай қойды-ау. Трр-р, құрр-р, жануар... Үлкен ұлым, сен де отыр, кел, — деді атшы маған.

Біз тарантасқа көтеріліп отыра берген кезде қызып тұрған қос ат алып ұша жөнелді. Екі этажды биік қызыл үйге лезде келдік. Әкем мекемеден жаңа шығып келеді екен. Бізді танып, кідіре берді.

— Мына сұр қалпақты кісі ме? — деді атшы. Ақырын ғана басымды изедім.

Аттарды шұғыл бұрып тоқтатып, өзі тарантастан жеңіл ырғып түсіп, атшы әкеме қол беріп сәлемдесті:

— Амансыз ба, біздің колхоздың зоотехнигі...

— Қайдан оның колхозының зоотехнигі, — деді атшы сөзін таңырқаған Тайжан күбірлеп. — Қызық адам екен өзі бір.

Бірақ, Тайжанның сөзі заматта-ақ өзіне ретсіз де көрініп қалды.

— Әлгінде ауылмен сөйлескенімде, алдымыздан ат жібердік деп еді. Қалай тез жетіңіз? Енді не тұрыс бар, кеттік колхозымызға! — деді әкем қуанып. Көз аударсам, ұзын бойлы әкемнің қызыл шырайлы жүзіне қарап Тайжаным да күлімсірейді...

Ол даңғыл кара жолмен ауылға қарай тартып келе жатқанымызда, тарантас үстінде, осы бір көңілді, ажарлы қалпында дала келбетіне қызыға қарап отырды. Күн тымық сыяқты еді, аттар аса қатты жүргендіктен бе, алдымыздан жел есті. Арба дөңгелектері ұршықша зырылдайды. Біз бір қамысты көлді жиектей өтіп, қайқан белеске шықтық. Бар төңірек түгел көрінді көзге: оң жағымыз жалпайып жатқан жазық; бергі тұсында ұзын-ұзын шөп маялары күжірейеді; әріректе аунап қалған, жыртылған кара жер жатыр. Тым әріде, көз ұшында жүрген екі-үш трактордың гүрілі естіледі. Сол жағымызда етегі кең, жалтырбас аласа тау. Жасыл қарағайлар оның көк желкесіне ұйпаланып шығыпты да, таудың тақыр төбесінде айдарға ұсап мықыр бұйра кайың өсіпті.

— Қалай қызық тау өзі. Доп-домалақ. Адамның басы сыяқты, — деді Тайжан одан көз алмай келе жатып. Шолақ жең, жолақ көйлегінің сүйір жағасы ашық омырауын сабалап келеді. Кең мандайы жылтырап, жұқалаң ернінде бір күлкі ойнады.

Мына жұмыр тауды Тайжанның адамның басы сыяқты деуі қалай дәл, қандай үйлесімді деп, інімнің тапқыр тенеуіне іштей сүйініп, мен де тауға ықылас қойып қарадым. Әкем де көз қыйығын бірер аударып қалғандай болды. Бірақ ол атшымен қатарласып алып, манадан сөйлесіп отыр.

Олардың бір сөздері ойымды бөліп, назарымды өзіне бұрып алды.

— Я, сол қой фермасының менгерушісін орнынан алды дейсіз бе? — деп әкем біреу жөнінде атшыдан қайталап сұрады.

— Өйтпесе болмайды, зоотехник. Ол ферманы басқара алмады. Малды жаздың өзінде-ақ шығынға ұшыратты. Жауапсыз, жал-

қау жан. Ондайларды орнынан қыйсық шегеше суырып алып, балғалап түземесе бола ма? — Атшы серпіле сөйледі.

— Әрине, — деді әкем оны құптап.

Атшы жінішке қара мұртының ұштарын бармағымен сыйпап қойды да, әкеме:

— Барған соң көресіз ғой. Қолхозымызда бәрі де жақсы. Электрің бар, радиоң бар, механизация бар, тек осы малға келгенде шоңқыйып отырғаның. Мал өсіру жоспары жылда-жылда орындалмай келеді, — деді.

— Мұның себебі неден деп білесіз?

— Мал баққанға бітеді. Күтім нашар. Жазда жағаң жайлауда. Қалай қыс түсті, солай шөбің таусылады.

— Жазда мал азығының шөптен басқа түрі әзірленбей ме?

— Шөп. Ол бітсе, сабан кеміру. Басқа азықты көре алмадым-ау.

— Бұл жағдай қолайсыз екен, — деді әкем салмақты дауыспен, — мұны өзгерту керек.

— Міне, осыны сіздерден күтеміз. Көмек керек пе, біз дайын! — деді атшы. Әкем езу тартты. Әкемнің дидарына қарай бергім келді менің. Оның сабырлы жүзінен колхоз өміріне үлкен жаңалық енгізер адамның келбетін көргендей болдым. Мал шаруашылығының осындай маманы атанған қандай жақсы!

Аттар сар желіп келеді. Төбемізден бір топ үйрек қанаттары сусылдап ұшып өтті. Оларды көзіммен ұзатып салдым. Бір кез Тайжанға бұрылып ем, ол төмен қарап томсарып отыр екен. Тағы да бір ойлар қамап алған ғой мұны!

— Тайжан, әлгі үйректер қандай ұшқыр, ә!

— Білмеймін... Мен қаладағы достарымды ойлап отырмын. Олар қазір сабақтан шығып келе жатқан шығар, Ей, Кәрім!

— Мүмкін...

Осы тұста жол екі айырылып, атшы қос жиренді он жақтағы жолға бұрды. Алдымыздан ұзын қорғанға ұсап қалың ағаш көрінді. Жол тура барып сол ағашқа енеді.

Біз оған енді тақала бергенде кезеңнен екі-үш салт атты тасырлатып шапқылап үздік-соз-

дық шыға берді. Жарыса шауып, тұпа-тура бізге қарай ағызып келеді.

— Біздің батырлар осылай құйқылжыйды, — деді атшы масаттанып.

Тайжанның да, менің де көзім алда. Бас киімін уысына жұмарлай ұстап, қолын бұлап келе жатқан біреуі ызғытып алға түсті. Көк атқа жайдақ мінген жолдасы пиджагінің етегі жалпылдап, оны өкшелеп келеді. Бірдеме деп айғайлады да. Бірақ даусын айқын естімедім.


— Анау көк атты бала мана маған жолығып еді. Жөнімді айтқам. Бұлар, дәу де болса, сізге келе жатыр, — деді атшы әкеме сол иығымен бұрыла қарап.

Атшының айтқаны келді. Балалар бізге жақындағанда аттарын тежеп, жолдың екі жағына жарыла берді. Тарантасқа қатарласа кетіп, дабырлай амандасты. Атшы да делбені сіресе тартып, қос жиренді тоқтатты.

— Қарсы алғандарың өте орынды. Бірақ қонақ балалар мінетін ат жетелей келмегендерің не? — деді атшы күліп. Байқаймын, мыналарға әдейі айтып тұрғандай.

— Білмей қалдық, — деді көк атты бала кішкене көздерін сығырайта жымыйып. — Атымды қонаққа берем де, өзім мынаның құлагеріне мінгесіп аламын, — деп жолдасын нұсқады.

Ол тізгінін тежеңкірей ұстап бізге:



— Дұрыс қой, ие? Қай атты таңдайсыздар? — деді.

Тайжан қопақтай бастады. Өзім бұл балардан жасым үлкен болған соң тартынып қалдым. Әлгі бала Тайжанға:

— Атқа мінесің бе? Болсайшы ендеше. Қызықсың ғой. Аттан қорқасың ба? — деді.

— Жоқ, қорықпаймын, — деп Тайжан сенім берді. — Әйтсе де сенің атыңа мінгесейін.

Бұрын атқа мініп көрмеген Тайжанның мына сөзіне еріксіз күліп жібердім.

— Кел ендеше! — деді көк атты.

Тайжан тарантастан секіріп түсті. Баланың басы қайқая қойған ботинкасына аяғын салып, ол атқа ілезде қонып та алды.

— Құшақта белімнен! — Көк атты бала ағашқа қарай бозбенен төтелей шаба жөнелді. Оның соңынан басқа екеуі ілесті. Екі көзім Тайжанда. «Құлап қалмаса игі еді?» Ақырын жүріндер деп дауыстайын деп едім, есту қайда, шапқылаған бойы ағашқа енді де кетті...

Солқылдақ тарантаспен зырылдатып кезеннен біз де өттік. Қолхоздың да қарасы көрінді. Салт аттылар ауылға кіре де берді. Бір нүктеден шашыраған сәуледей жолдар да тарамдалып кетті. Біреуіне түсіп алып, ағындап отырып, өкпе тұсынан ауылға келіп ендік. Жол жиегінде мамырлап жатқан сармойын қаздар арбадан үркісіп әрі тайды. Телефон сымдары тартылған бағаналар бойымен зырғып келеміз. Көп терезелі үлкен бір ақ үйдің жанынан өте бергенде, маңдайшасынан «Аурухана» деген әдемі, ірі жазуды оқыдым.

Біз көк шатырлы, қызыл үйдің алдына келіп тоқтадық.

— Сіздің жаңа үйіңіз осы болады, — деді атшы әкеме жайдары жүзбен.

Тайжан мен манағы көк атты бала үйден жүгіріп шығып, біздің арбадан түсуімізге көмектесті.

— Айтшы Тайжан, ат үсті жайлы ма екен? — дедім ініме.

— Өте тамаша. Мынау Сәрсен атпен бәйгіге де қосылыпты.

— Біраз күнде ат бәйгіге сен де қосыласың, Тайжан, — деді көк атты бала.

— Екеуің танысып та үлгіріпсіңдер ғой, — дедім мен қуанып.

— Әрине, — деді інім жайрандап.

Соңынан білдім: көк атты бала да ауылдағы орта мектептің бесінші класында оқыды екен. Келесі күні Тайжан оның жақсы қасиетін айтып, мақтай келді.

— Өзі отличник. Әрі жақсы спортсмен, — деді.

Тағы да маған қарап сықылықтап күлді де:

— Сені тоғызыншы класта оқыды дегенімде, әуелі ол нанбады, — деді көңілді Тайжан.

— Неге?

— Бойы сорайған ұзын. Оныншыда оқытын шығар дейді. Бойшандар аз ба?.. Сосын нанды.

— Сөйтіп иланды де? — дедім өзім де күліп.

— Әрине. Ол — өте жақсы бала! — Тайжан сөзін тәптештеп айтты, — Оның жолдастары да тамаша!

Мен жана таныстардың ақжарқын мінезіне, ашық көңіліне ерекше сүйсініп, Тайжанның күлімдеп тұрған сүйкімді көзінен сүйіп алғым келді...



ДЕТСАДТА



Көңілді шуақ күні еді.
Папасының қасында
Томпаңдап Бақыт келеді
Детсадқа қарай асыға.

Ойыншығы—мысығы
Кетпеді бала ойынан,
Өкінді ертіп күшігін
Шықпадым деп соңымнан.

Бір уйге әкеп папасы,
—Осында,—деді,—достарың!..—
Білмепті бұрын баласы
Жақсы орта, талай дос барын.

САЛАҚ ЕРМЕК

Түн бойында тышқан аңдып,
Үйді кезген алаңсыз.
Енді, әнекей, отыр қалғып,
Уйқы қысып амалсыз,
Ермектің сұр мысығы.

Пальто үстінде отырғанын
Мысығының көрді де,
Деді: „Мұның не қылғаның,
Пальто көрпе дедің бе,
Әлде арқаң қышыды?„

Ойыншықты ол қолындағы
Көздеп тұрып, дәл атты.
Зытты мысық, жолындағы
Графинді құлатты—
Қайтып мысық келмеді.

—Бұл не, қарғам?!—деді оған
Жалт қараған шешесі.—
Пальтонды ілмей, тастай салған,
Мұны өзіңнен көрсенші!
Салақ Ермек терледі...

М. Алтаев.



БАҚБЕРГЕН



Қыз бен көйлек

Киді де көзәйнегін,
Ұстады әжей инесін.
Қызының тікті көйлегін,
Қадап сәнді түймесін.

Қуыршағын құшақтап
Кіп-кішкентай Зияда;
—Мына қызға бұл шап-шақ
Көйлек!—деді қуана.

Ө. Жайлауов.

Қарайды ана асыға:
„Қағазды мұнша жұмарлап
Кроватьтың астына
Тығып қойған кім ұрлап?“
Әй, Бақберген, Бақберген!
Шықты міне өтірік!
Жыртыпты бәрін дәптерден,—
Бағаларын „екілік“.
Ақ тілегін ананың
Алдағанмен қыс бойы:
Тигізер бірақ залалын
Бақбергеннің қысқа ойы.

ҚОЯН

Көгеріп орман, адырлар.
Күн шуақтап, жылынды.
Бойын ұрлап қалың қар
Тасаларға тығылды.
Бұғады қоян орманда:
„Қар жоқта ақ түс—күр сорым“
Тосып жатыр: „Маған да
Кигізер көктем сұр тонын“.

М. Жаманбалинов,
Новосибирь облысы.

АЛА МЫСЫҚ

Ала мысық, ауыз сыйпап жеттің бе?
Манағы асты тағы ұмыттып кеттің бе?
Жұрт ауызы қыймылдаса жүгіру—
Айтамын ғой,— жаман әдет,— деп күнде.

Енді міне кіші емессің, дардайсың,
Айтты екен деп үлкен тілін алмайсың.
Мүләймсіп, жыламсырап, біресе
Көпе-көрнеу көзің қысып алдайсың.

Айта алмайсың, әттең, уәде сөзіңді.
Өйтпеген де жеккөреп ем өзіңді.

Ә. Дүйсенбиев .

Барлық көктемді

Бірінші Май мерекесі өтісімен Коляның Алматы киностудиясында кино оператор болып істейтін ағасына ерекше тапсырма берілді. Тапсырма — көктемнің барлық кезеңін бір күн ішінде киноға түсіру еді.

— Міне, қыйын тапсырма! Мұны қалай орындау керек, бұл үшін қайда бару керек? — деп ол үйінде қобалжый ойға түсті.

— Сен нені түсіру керек дейсің? — деп сұрады Коля одан.

— Менің бәрін де: бәйшешекті де, қары жаңа ғана кеткен қара жерді де, көктемнің алғашқы көбелектерін де, бүршік атқан талдарын да түсіруім керек. Қысқасы, көктемнің алғашқы кезеңін түсіруім керек. Ол үшін қыстың сілемінен бастаған дұрыс еді, бірақ, енді қысты қайдан таппақсың?

— Оны да түсіруге, осы жердің өзінде түсіруге болады ғой! — деді жалт қарап Коля.

— Бос сөзді айтпашы. Ананы қарашы, алма ағашының гүлдеп тұрғанын көрмейсің бе? — деді Коляның ағасы.

— Шын айтам, осында-ақ түсіруге болады. Жақында біздер, пионер Сарайының жас натуралистері серуенге шығып тауға көтеріліп, шырша өсетін шыңға жеткенімізде, ол жерде көктемнің жаңа басталғанын көзімізбен көргенбіз...

Бұл кино операторды ойландырып тастады. Содан кейін ол тура пионерлер Сарайына барып жас натуралистер үйірмесінің жетекшісімен ақылдасты. Коляның айтқаны шын болды. Май айының бас шенінде Алматының айналасында көктемнің барлық кезеңін бір-ақ күнде көруге болады екен. Қаладан неғұрлым тауға өрлеген сайын, солғұрлым салқын тарта береді. Тіпті шыршалар өсетін белдеуден әрі асқанда қысқа да барып кезігесің.

Сонымен ертеңіне Алматы киностудиясының жүк машинасы тегіс асфальт жолмен Іле тас жолына қарай зымырады. Оның үстінде бір топ жас натуралистер мен олардың жетекшісі және кино оператор отырды. Бір сағат өткеннен кейін бұл машина шағыл құмды Іле жағасына келіп тоқтады. Бұдан әрі жүруге жол да жоқ — қазылған шағыл құм. Айналада сексеуіл, жыңғыл, ебелектен басқа ештеңе көзге шалынбайды. Ұшы-қыйырсыз құмды жазық. Құмның үстін айғыздаған жыланның, кесірткенің іздері әлі жасырынбапты. Мұнан бұл жердің көктемгі өкпек желінің әлі көтерілмегені аңғарылып тұр.

— Міне, Геннадий Николаевич, көктемнің бітіп, жазыңыздың басталған жері осы, — деді жас натуралистердің жетекшісі, биолог жанындағы кино операторға.

Жас натуралистердің көмегімен кино оператор бұл жердің көрінісін жақсылап түсіріп алды. Қазір сағат он. Ертемен-ақ күн шыжый бастады.


— Ананы қара! — деп қалды балалардың бірі, — кесірткені қара, жыңғылдың үстінде тұрған кесірткені.

— Геннадий Николаевич! — деді биолог, кесірткенің жыңғыл арасына барып кіруі жаз шыққанның белгісі. Өйткені жазда құм қызады да, жәндіктер саялау үшін, жыңғылға барып паналайды.

Кино оператор ептеп барып әлгі жыңғыл арасында тұрған кесірткенің суретін үлкейтіп, түсіріп алды.

— Ал, кеттік! Асығуымыз керек. Бүгін барлығы — көктемнің басталуынан бітуіне дейінгіні осы бір күн ішінде түсіріп бітуіміз керек. Жүріңдер, балалар! — деді биолог.

Машина енді тас жолға түсіп қаланы бетке ұстай жүйткіді.



Бір күнде көру

Жолшыбай көзге шалынып, таныс дала бірінен кейін бірі ә дегенше артта қалып жатыр. Машина енді асфальтті жолмен зырғыды.

Жолаушылар міне, қалаға да келіп жетті. Машина еш жерге аялдамастан оның етегінен түсіп, төріне бір-ақ шықты. Қаланың төр жағында алма ағаштары барлық жерлерде ақ гүлге оранған. Қөшелерде сиреннің қош иісі аңқыды.

Қаладан шыққан бетте асфальт жолмен Кіші Алматинка өзенін бойлай отырып 40 минут жүргеннен кейін, жол аспанмен тіл қатысқан бәйтеректердің ішіне сүңгіп тауға өрледі.

Енді міне, машина да тоқтады.

— Балалар, бері қарандар, бері, — деді биолог, — біз шыршаның шетіне келіп жеттік. Осы тұрған жерімізден кейін қарай тағы алма, өрік ағаштары өседі. Олар әлі гүлдеп болған жоқ. Солардың бірнеше бұтағын сындырып әкеліндер.

— Геннадий Николаевич, міне, сіз іздеген «апрель» күндері. Алма ағашының гүлдері апрель айында түйін салса, міне, бұл жердің алмасының гүлдері қазір түйін салған.

Айналадағы көріністі кино оператор суретке түсіріп болғанша, балалар да гүлдері таяуда ғана түйін салған бірнеше алма ағаштарының бұтақтары мен қызғалдақтар алып жетті. Бұл балалар таяуда тұрған орманшының үйінің жанындағы сиреннің әлі гүлдемегенін де айтып келді.

Бұдан кейін жолаушылар машинаға отырып, тағы да жоғары тартты. Олар небары 10 километр жерді машинамен бір сағатта әрең дегенде өтіп, тұйыққа тоқтады. Бұдан әрі жол да жоқ. Осы тұрған жер шырша өсетін белдеудің орта шені — альпинистер лагері орна-

ласқан «Горельник» еді. Серуеншілер бұдан әрі бірнеше километр жаяу жүріп шыршаның қалың ортасына енді.

— Міне, біз шырша белдеуінің жоғарғы шетіне келіп жеттік, — деді биолог. — Бұл жерде март айының әуе райын көресіздер. Ал, балалар, сол март айындағы табиғат құбылысында кездесетін белгілерді іздестірейік.

— Әне қарандар, ана қызыл талды көріңдер! Олардың бәрі жаңа ғана аппақ болып бүршіктеп келе жатыр. Ал, бізде қалада қызыл тал март айында бүршіктейтін, — деді Коля.

— Бәйшешек! Бәйшешек!


Балалар ойға тұра жүгірді. Қары жаңа кеткен қара жерге аппақ болып шыққан бәйшешек көзге тез түскен еді. Бәйшешекті көруге келген балалар бұл жерден көк, сары ала көбелектерді көріп, бұлар да март айындағы жәндіктер екенін ұқты.

Бұл шыннан жолаушылар солтүстігіне көз жіберсе, әлі мұрты шағылмаған ақ қар жатыр екен. Осының бәрін көріп балалар бас қосқанда биолог оларға мынаны хабарлады:

— Қазір сағат 4. Егер шаршамасаңдар, тағы да жоғарыға көтерілуге болады. Онда нағыз қысты көресіндер.

Сөйтіп, жас натуралистер бір сағаттан кейін күрткік ақ қардың үстінде тұрды. Осы жерде кино оператор рәхаттанып тұрып табиғатта февраль айында болатын құбылысты түсіріп алды да, жас натуралистерге маңызды тапсырманы жақсы орындап шығуға көмектескені үшін көп-көп алғыс айтты.

М Зверев.





Радиодан берілген көңілді спорт маршының сазымен оянған сен жедел түрегеліп, зарядкаға кірістің — бір-екі, бір-екі!.. Міне көйлегің мен шалбарыңды, пальтонды киіп те үлгердің. Киініп жатып: «Осы киім-кешекті тігу үшін қаншама адам еңбек сіңірді екен?» деген ой келе ме саған? Біз сол жөнінде әңгімелейік.

... Жаздың аптап күнінде ішінде ақ көбік тәріздес мақтасы бар қауашыққа толы бұталар сәл тербеледі. Бұл мақтаны «ақ алтын» деп халық тегін атамаған. Мақтадан талай-талай бағалы бұйымдар шығады, одан көбінесе мата тоқылады. Сенің көйлегің де сол мақта матасынан тігілген болар.

Бірақ сенің көйлегіңнің тарихы мақта шитісі жерге себілген шақтан ғана басталмайды. Ол тарихтың басы әріректе жатыр.

Бетпақ дала. Атының өзі-ақ құнарсыз да пайдасыз екендігін аңғартпай ма? Көкпектен басқа шөбі жоқ құлазыған қу дала болатын ол жерлер. Қазақстанда совет өкіметі орнады да, өмір шұғыл өзгере бастады. Бетпақ дала да өзінің жағымсыз жаман атынан құтылды.

«Совет өкіметі кезіндегі шебер қолдар барында, адам баласының игілігіне беті бұрылмайтын жерлер атымен жоқ». — Сергей Миронович осылай деген болатын. Бұл сөздер түгелдей Бетпақ далаға да қатыса алады. Өмірсіз де көңілсіз шөл далаға батыл совет адамдары келді. Олар құм басқан қырда каналдар қазды, сөйтіп сусыны қанған сұрсыз дала ғасырлар жасырып келген қазынасын халыққа ұсынды. Осылайша республикамыздағы тұңғыш мақта совхозы «Пахта Арал» пайда болды. Содан бері совет адамдары шөлге үздіксіз шабуыл жасап келеді, барған сайын мақта егу үшін жаңа жерлер игеріліп келеді.

Каналдың суымен суарылған бұрынғы шөл жерге шиті себілді делік. Егіс даласында бұталардың басына аппақ қардай торқасы бар қауашықтар шығып жарылғанға шейін колхозшылар қыруар еңбек сіңіреді. Мақта пісіп жетілген кезде жыйналып, тау-тау болып үйледі.

Егіс даласынан енді мақта алыс сапарға аттанады — мақта иіру және тоқыма фабрикаларына барады бұрын мұндай фабрикалар Россияның орталығында ғана болса, қазір олар біздің Қазақстанда да, Орта Азияның басқа республикаларында да пайда бола бастады. Жуырда Шымкент қаласында үлкен тоқыма комбинаты іске қосылды.

Тең-тең болып буылған мақта фабрикаға әкелінді делік. Машина мақта торқасын түтіп ұзын-ұзын етіп салалайды. Басқа бір машиналар салаланған мақтаны иіреді. Осыдан барып ақ жіптер пайда болады. О басында жуан жіптер иіріле келе, созыла келе жіңішкере береді, жіңішкере береді. Бұл жіптердің ендігі барар жері тоқыма станогі. Ұршық біресе алға, біресе кейін зыр қағып қозғалады. Тоқымашы әйел станоктың үстіне төніп көзін жазбайды. Ол матаның тегіс ақаусыз болуын бақылайды. Тоқымашының қыймылы шапшаң. Өйткені ол біреу ғана емес бірнеше станокты басқарады.

Станоктан шыққан матаның түсі мақта секілді сарғыш ақ болады. Енді оны бояу керек. Бұл жұмыс бояу цехында істеледі. Анаңның үстіндегі көйлектің гүлді матасының суреттерін арнаулы баспа машинасы бояған.

Тоқыма фабрикасынан шыққан дайын мата тігін фабрикасына әкелінеді.


Бүгін тігін фабрикасына әртүрлі маталар келді. Мынау ситец, анау сатин, сонау біреу шеттегі зефир. Біз бұларды алғашында мақта даласында, одан кейін иіру және тоқыма фабрикасында көрдік.

Мынау полотно алыс жердің қонағы. Мұны орыс тоқымашылары зығырдан тоқыды, ал зығырды. Смоленск немесе Калинин облыстарында колхозшылар өсіріп шығарды.

Мынау шұға. Оның да тігін фабрикасына жеткенге дейін ұзақ жолы бар.

Луговая станциясынан жүре-жүре машиналар тегістеп тастаған жол басталады. Жол Үмбет поселогіне апарады. Үмбетте Луговой ауданы колхоздарының жайылымдағы мал шаруашылығының штабы орналасқан. Поселокте почта бөлімі, зооветеринарлық пункт, магазиндер, монша, радио торабы бар. Малшылар радио арқылы күн сайын ауа райының қалай болатынын естіп отырады. Егер радио боран болады деп хабарласа, шопан өзінің отарын ыққа айдай бастайды. Боран басылғанша сол жерде қойды емін еркін ұстауға болады.

Қой бағу үлкен өнер. Біздің республикамызда талай-талай атақты шопандар бар. Олардың тәжірибесі дастанға бергісіз. Ал, кенет күн суытып, қыста қар қатып қойлар тебіндей алмаса ше, онда не істеу керек? Онда қар басқан даланы қақ жарып тракторлар шығады. Олар шөп тиеген алып шаналарды сүй-



ҚАЛАЙ ЖАСАЛАДЫ

ретіп бара жатады. Тракторлар таптанған жолмен артынан шөп тиеген жүк машиналары ағыла бастайды. Ал, шөп қайдан келеді дерсің! Оны жазда Машина-Мал шаруашылығы Станциясының механизаторлары шапқан. Қазақстанда тұратын қай бала болса да қойдың қалай қырқылатынын көріп жүр ғой. Қойдың жылы тонын ұқыптылықпен сыпырып, электрмен қырқу аппараты жылдам жұмыс істейді. Қысты тоқ, күйлі өткізген қойдың жүнінің сапасы да жақсы болады.

Кәдімгі қойлар үш килограмдай қылшықты жүн береді. Ал, қойдың меринос деп аталатын асыл тұқымы да бар. Олардың жүні биязы, ұзын. Бірақ меринос күй талғағыш-ақ, таулы жерге үйренбеген. Сондықтан Қазақстан ғалымдары қойдың жаңа тұқымын — архар-меринос қойын өсіріп шығарды. Бұл үшін олар архар мен мериносты будандастырды. Архар-меринос қазір 8 килограмм жүн береді. Бірақ бұл да шек емес. Украинада «Аскания-нова» қорығында Красавчик деген қой өсірілген. Ол 174,5 килограмм тартады. Ол бір жылда бір жарым пұттай биязы жібек тектес жүн береді. Осы жүннен тоқылатын матадан алты еркек костюмін тігуге болады.

Жүннің тоқыма фабрикасында өтетін жолы мақтаның жолындай. Егер сен жүннен шығарған әртүрлі матаға үңілсең, олардың әр жібі ерекше тоқылатынын аңғарар едің. Әдемі жаңа иректер шығару үшін маман суретшілер үзбей еңбек етеді.

Міне, тігін фабрикасының қоймасында әртүрлі мата бас қосты. Олар бұл араға өз республикамыздан да, Москвадан да, Ленинградтан да, Ивановодан да әкелінді. Тыстық та, астарлық та бар. Қыз бала үшін көйлектік, ұл балаға костюмдік әртүсті мата бар. Енді тігуге болады. «Қалай етсем, әдемі, қонымды болар?» — деп ойлайды тігінші әйелдер. Оларға бұл жөнінде көмек көрсететіндер — конструкторлар.

Жаңа машиналар мен түрлі аспаптар ойлап шығаратын конструктор туралы сендер талай оқыған боларсыңдар. Сондай конструктор балаларға арналған пальто, көйлек, костюмнің жаңа фасондарын ойлап табады. Өзінің үлгісін ол тігін фабрикасына тапсырады.

Конвейер жөнінде де сендер естіген боларсыңдар. Заводта конвейерге автомобильдің белдігін әкеп салады, конвейер цехты бойлап жылжи бастайды. Екі жақтан жұмысшылар әрбір детальді

бекіте береді. Бір кезде қарасаң, тұтас құралған жаңа автомобиль шыға келеді.

Тігін фабрикасында да солай. Әуелі тілінің әрбір бойы жеке-жеке әзірленеді. Қат-қат матаны пішу столына әкеп салады. Оның үстіне үлгіні қояды. Мысалы, бұл айталық жеңнің үлгісі. Әлгі қат-қабат матаны үстінде тұрған ерекше пышақ, үлгі бойына оп-оңай кесіп өтеді. Сөйтіп әр бой, жең, жаға, өңір, қалталар — бәрі де пішіліп болды делік. Әлгі пішілген кесінділер лентаға түседі. Лента дегеніміз жан-жағында ондаған жұмысшы отырған ұзын стол. Бір тоқымашы жемді, біреу қалтаны алып машинамен тез тігіп шығады. Үшінші біреу өңірді көмкереді. Төртінші әйел тігістерді утюгтеп жатқызады. Костюмнің неше бөлігі болса, сонша тігінші оны тігуге қатысады. Әзір костюм лентаның екінші басына барып жетеді. Ол арада механикалық утюг бар. Бұл киімді жақсы тегістеп шығады.



Міне, сенің костюмің дайын болды. Енді оны бақылаушы тексеріп шығады. Тігілген киімнің ешбір міні болмауы керек. Дайын киімді енді дүкенге апаруға болады.


Міне, сен киіп жүрген киімді тігуге қанша адам еңбек сіңіргенін көрдің бе? Санап көр. Мұнда Бетпақ далаға канал жүргізген құрылысшылар да, мақта өсірген колхозшылар да, тоқымашылар мен тоқушылар да, қойдың жаңа тұқымын өсіруші ғалымдар да, оңбайтын берік бояу әзірлеген химиктер де, суретшілер мен конструкторлар да бар. Бәрін санап бола алмастай.

Жыл асқан сайын совет халқының өмірі көрікті, ауқатты болып келеді. Біздің үкіметіміз бен туысқан Коммунист Партиямыз совет адамдарының, оның балаларының сәнді киініп, жақсы тамақтануына ұдайы қамқорлық жасап отырады.

Өткен жылы ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитеті халық тұтынатын товарларды өндіру ісін өрістетіп, олардың сапасын жақсарту туралы арнаулы қаулы алды. Быйыл, 1954 жылы, біздің елімізде 5.549 миллион метр мақта маталары, 242 миллион метр жүннен тоқылған мата, 504 миллион метр жібек маталар, 295 миллион метр зығыр матасы шығарылады. Тігін фабрикалары бір ғана балалар пальтосының өзінен 1.100 мың дана тігіп шығармақшы.

Н. Петрова.





Ұлыбасқан республикаларда

СОВЕТТІК
УКРАИНА



Сендер Советтік Украинаны білесіндер ғой, жас достар! Ұлы Россияның қаны бір бауыры, бақытты, бай ел ғой ол.

Бір кезде данышпан Белинский — «Қаны бір Россиямен мәңгілік табысып, Малороссия өзіне цивилизацияның, ағартудың, көркемөнердің, ғылымның есігін ашты... Россиямен бірге оның алдында енді ұлы болашақ тұр» — деп жазған еді.

Сол орыс халқының көмегімен, Коммунистік Партияның басшылығымен 1917 жылдың октябрінде жаңа заманның жадырау күні шыққанда мәңгі бақыт тапқан россиялықтардың бірі — осы украин халқы болды.

Ол 1917 жылғы 25 декабрьде Украин Советтік Социалистік Республикасы (УССР) болып құрылды. Совет өкіметі тұсында 40 миллионнан аса халқы бар Украинаның 577 мың шаршы километр жері молшылық өлкесіне айналды. Халқының көптігі, шаруашылығының шалқып өсуі жағынан Украина Европада Франция, Италия тәрізді ірі капиталистік мемлекеттерден озып кетті, ал, Совет Одағында РСФСР-дан кейін екінші орын алады.

Ылғалға қанық ауа райы жұмсақ, сай-салалы, кең далалы украин жерінің беті — егіске, қойны — кенге толы.

Совет өкіметі тұсында Украинада өмір қандай өзгерді десенші! Сәті түсіп, Украина даласын аралай қалсаң, еңбек құшағында шалқып жүрген шадыман жастарды көресің. Тракторшы-комбайншылардың комбин-

езоны мен шахтер-кен қазушылардың арнаулы киімін киген украин жігіттері мен қыздары күндіз өз постында еңбек етсе, кешке көк шароварлары мен кестелеген гүлді көйлектерін киіп, лентасын байлап көркемөнер үйірмелерінде ән шырқайды, салтанатты жыйындарда болады. Олар ескі халық әндерімен бірге жаңа украин әндерін де орындайды. Осы бір көріністің өзі-ақ көп өзгерісті көрсетіп тұрғандай. Бірақ ол жаңалық, өзгеріс ұлттық костюм мен әнде ғана емес, тіпті өмірдің өзінде.

Украинада болсаң, әсіресе, оның тарихи орындарын араласаң, халық өнерінің көрнекті табыстары саналатын ескі ескерткіштерінен бастап, советтік архитектураның үлгісімен салынған жаңа құрылыстармен әбден танысасың... Тек Киевтің өзінен-ақ — Советтік Украинаның мәңгілік жас қалпында тұратын, көрікті астанасынан-ақ — талай ескерткіштер табылады.

XI ғасырда Ярослав салдырған ескі Алтын қақпа мен София соборының алтын қоңырауының өзі-ақ талай адамды сүйсіндірмей ме? XVII ғасырда салынған Андреев соборы мен Киев облыстық ұйымдары тұратын көп этажды үйлер кімнің көзін тартпайды.

Днепр-Славутичтің тарихының өзі қанша ма! Бір кездегі варягтардан гректерге баратын атакты жол бүгін Советтік Украинаның аса көрнекті су жолдарының біріне айналды. Қазір онда совет пароходтары жүзеді.

Пароходқа мініп, Днепрмен төмен жүзсең, ескі украин қалаларының бірі Канева көрінеді. Осы жерде ұлы украин ақыны — Тарас Григорьевич Шевченконың бейіті бар. Ұлы Отан соғысында жауынгерлікпен қаза тапқан өздерінің сүйікті жазушыларын Аркадий Гайдар да осы жерге қойылған.

Сен мінген пароход Украинаның орманды даласы мен тоғайын, көкорай шалғыны мен жон-жоталарын қақ жарып, төмен Кременчуг пен Днепропетровскиге қарай жүзеді. Осы маңнан Ленин көлін көресің. Бұл жер — талай тарихтың куәсі. Запорождық сечь туралы аңыздар мен жырларды талай естіген боларсың: осы жер — сол запорождықтардың мекені болған. Бас бостандығын аңсаған ер жүрек украин казактары татар басқыншыларына қарсы алғаш рет осы жерде көтерілген. Поляк шляхтарына қарсы күреске Богдан Хмельницкий осы жерде күш жыйнаған.

Ол бұдан үш жүз жыл бұрын еді ғой. Ер жүрек украин халқы шетелдік басқыншыларды өз жерінен қуып шығып, тегі бір, тілі жақын, жері шектес ұлы орыс халқының құшағына енді.

Украин халқының орыс халқымен айрылмас достығы туысқан екі халықтың аса зор тарихи жеңісі болды. Екі ұлы славян халқының — орыс халқы мен украин халқының — достығы мен туысқандығы сыяқты ұлттар жақындығы бүкіл дүние жүзі тарихында болған емес. Бұл достық совет өкіметі жылдарында бұрынғыдан да нығая түсті.


Украина Коммунистік Партияның басшылығы және барлық совет халықтарының, оның ішінде өте-өте орыс халқының тікелей көмегі арқасында ға-жайып техникалы, күшті социалистік индустриялы-колхозды елге айналды.

Өткен бесжылдықтар ішінде Украинада түсті металлургия, машина жасау, трактор жасау, турбина жасау өнеркәсібі, электрлі-металлургия, химия өнеркәсібі мүлде жаңадан салынып, осы заманның озық техникасымен жабдықталды. Украинада салынған өнеркәсіп алыптары: Харьков трактор заводы, Краматорск ауыр машина жа-

сау заводы «Азовсталь» және «Запорожсталь» металлургия комбинаттары, Запорожье комбайн заводы, Горловка химия заводы, Ворошиловград паровоз заводы, В. И. Ленин атындағы Днепрогэс, толық қайта жабдықталған Донец көмір, Криворожье темір бассейндері тек Украинаның ғана емес, бүкіл Совет Одағының индустриялық мақтаны болып табылады. Қазір бүкіл совет елінің туысқандық көмегімен украин халқы Каховка ГЭСін салып жатыр.

Туысқанымыз украиндардың өткен күндерін, революциядан бұрынғы өмірін біз көрген емеспіз. Оны тек тарихтан, украин классиктерінің шығармаларынан білеміз. Оның талайын өзін де оқыған шығарсың, жас досым!

Салыстырып қарашы, сол кезде жазушының қолымен суреттелген далаға ұқсай ма қазіргі Украина. Мүлгіген Украина түніне де жан кірген. Электр жарығының астында трактор түнде украин даласында егін жыртыды, комбайн астық жыйнайды. Қазірдің өзінде Украинада 1347 машина-трактор станциялары (МТС) бар. Соңғы екі-үш жылдың ішінде республика көптеген жаңа ауыл шаруашылық машиналарын алды. Қазір ауыл шаруашылығында қолмен істелетін жұмыс түрі тіптен азайды. Осы күні ауыл шаруашылық жұмыстарының 80 процентін, ал



Киев Калинин атындағы алаң.
14-беттегі Украин ССР Жоғарғы Советі Президиумының үйі.
Суретті түсірген Н. Козловский.



Пьер Кот

1953 жылдың ноябрь айы.

Австрия астанасы Венада Бейбітшіліктің Бүкіл дүниежүзілік Советінің сессиясы жүріп жатты.

— Қауіп-қатерсіз баянды бейбіт өмір үшін, ана мен балалар алаңсыз ұйқтап, ертеңіне бейбіт, нұрлы өмірдің құшағында оянатынына, адамзаттың ұлы арманы — өмір мен бейбітшіліктің қауіпсіздігіне сенімдері зор болуы үшін біз барлық күш-жігерімізді, ой-санамызды, аямай жұмсауымыз керек!

Француз халқының адал ұлы, бейбітшіліктің жалынды жаршысы Пьер Кот осылай деді.

1928 жылдан бастап Пьер Кот саяси жұмысқа араласты. Сол жылы Савойя департаментінен депутат боп сайланды. 1932 жылы Францияның Сыртқы Істер министрінің орынбасары, 1934-36 жылдары Авиация министрі болды.

Дүниежүзілік екінші соғыстан кейін, Франция азат етілгеннен кейін екі рет, Күрылтай жыйналысына, 1946 жылдың ноябрінде Ұлттық жыйналысқа депутат боп сайланды. Ол Францияның бейбітшілікті жақтаушыларының қажырлы қайраткері қатарына қосылды.

Ол 1949 жылдың көктемінде Парижда болған бейбітшілікті жақтаушылардың Бүкіл дүниежүзілік конгресін ұйымдастырушылардың бірі болды.

Пьер Кот — көп тілде шығатын «Бейбітшілікті қорғау» журналының редакторы. Талапты журналист өзінің өткір ойлы мақалаларында соғысқұмарларды өлтіре әшкерелеп келеді.

Францияның адал ұлы Пьер Котқа «Халықтар арасындағы бейбітшілікті нығайтқаны үшін» Бейбітшіліктің халықаралық Сталиндік сыйлығы берілді.

Пьер Кот бұл ұлы құрметті барлық халықтар арасындағы бейбітшілік жолындағы күресте іспен ақтай беретіні сөзсіз.

Т. ХАЙДАРОВ.

Украинаның оңтүстік облыстарында 90—95 процентін машина атқарады.

Электр қуатын пайдалану украиндардың үйреншікті ісіне айналған. Тек соғыстан кейінгі жылдардың өзінде Украинада жаңадан салынған, жөнделіп қалпына келтірілген селолық электр станцияларының саны төрт мыңнан асады.

Украин шаруасы да совет өкіметі жылдарында адам танығысыз өзгерді. Гоголь суреттеген Черевик пен Чубты қазір іздесеніз де таппайсыз. Советтік колхозшы — ауыл шаруашылығының механизаторы, мол өнімді егін алудың маманы. Соғыстан кейінгі жылдардың ішінде Украинада 59 мыңнан астам ауылшаруашылық озаттарының наградталуының өзі-ақ мұны анық дәлелдейді. 1057 колхозшы Социалистік Еңбек Ері атағын алды.

Украина — Совет Одағының маңызды астықты және қант қызылшалы аудандарының бірі.

Полтава, Киев облыстары Украинаның астықты аудандары қатарына қосылса, Донбасс, Криворожье, Днепропетровск, Днепро-дзержинск, Харьков, Ворошиловград өндірістік аудандар болып есептеледі.

Донбасты бүкіл одақтық көмір базасы деп тегін атамаған. Ол — еліміздегі көмірді ең көп беретін бассейндердің бірі. Ұлы Отан соғысы кезінде Донбасс ауыр шығынға ұшырады. Жау оның шахталарын қыйратты, өндірісін бүлдірді. Бірақ, Коммунистік партия мен Совет үкіметінің тікелей басшылығы арқасында ол тез қатарға қосылды.

Донбастың көмірі мен Криворожьенің темірі — Украина ауыр өнеркәсібінің негізі боп саналады. Оның үстіне Украинада жаңа машина заводтары салынып өсті. Донбастың адымды экскаваторлары мен кен комбайндары, Харьковтың ауыл шаруашылық машиналары мен тепловоздары, Ворошиловградтың паровоздары, Киевтің автомат станоктері бүкіл еліміздің түкпір-түкпірлеріне тарайды.

Міне, осындай халық шаруашылығының телегей-теңіз өсуіне сәйкес, украин халқының тұрмысы молайды, мәдениеті марқайды. Республикада сәулетті, көркем қалалар көп. Онда 460 санаторий және демалыс үйі, 3 мыңнан аса балалар бақшасы бар. Осы күні Украинада 30 мыңдай мектеп бар, онда 6,5 миллионнан астам бала оқиды. 1952-53 оқу жылында республиканың 144 жоғары оқу орнында 177 мыңнан астам студент оқы-

ды. Бұл 1914 жылғыдан 8 еседей артық, ал, қазіргі Европаның капиталистік мемлекеттерінің қай-қайсысындағыдан болса да асып түседі. Украинада 30 мың көпшілік кітапханасы, ондаған мың мәдениет сарайлары мен клубтар, кино-театрлар, ондаған театрлар халыққа қызмет етеді. Украинадағы ғылым ордасы — Украин Ғылым Академиясы, Архитектура Академиясы және басқа көптеген ғылыми-зерттеу мекемелері совет өкіметі кезінде ашылған.

Украин совет көркемөнері мен әдебиетінің табыстары зор. Көптеген әдебиет қайраткерлері Сталиндік сыйлықтың лауреаты болды. Украинаның А. Богомолец, Е. Паток, В. Филатов, Т. Лысенко сыяқты ғалымдары; Павло Тычина, Микола Бажан, Корнейчук, Гончар, Натан Рыбак, Забила сыяқты әдебиет қайраткерлері — барлық совет халықтары үшін, соның ішінде қазақ халқы үшін де белгілі, сүйікті, қадірлі жандар.

Украин халқы мен қазақ халқының тарихи достығы да совет өкіметі жылдарында әбден нығайды. Украина Қазақстанның өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, мәдениетінің өркендеуіне аса зор көмек беріп келеді. Бір кезде Донбасс жұмысшылары Қарағанды бассейнін өз қолымен салысса, қазір елімізде тың және тынайған жерлерді игеруге көмектесу үшін Қазақстанға украиндық достар көптеп келіп жатыр. Екі халықтың және бүкіл совет халықтарының мұндай ынтымағы мен достығы күн санап нығая беретіні сөзсіз.

Қазір барлық советтік туысқан халықтармен социалистік ынтымағы, бірлігі, достығы жарасқан ұлы украин халқы, Коммунистік партия мен Совет үкіметінің дана басшылығына, үлкен ағамыз орыс халқының ұлы көмегіне сүйеніп, коммунистік құрылыс майданының алдыңғы сапында жанқиярлықпен еңбек істеуде, ардақты советтік Отанымыздың күш-қуатын, құт-байлығын еселей өсіруге өз республикасының мол мүмкіндіктерін сарқа пайдалануда.

Сөйтіп, ұлы сыншының өткен ғасырдағы дана болжауы дәл келді. Бұдан 300 жыл бұрын қаны бір Россиямен мәңгілік табысып, өзіне цивилизацияның, ағартудың, көркемөнердің, ғылымның есіген ашқан дарынды украин халқы бүгінде бүкіл советтік Россияның таяу және ұлы болашағы — коммунизмнің өскелең цивилизациясын өз қолымен жасасып жатыр.

Ислам Жарылғанов.



Говард Фаст

Қазіргі Американың прогресшіл әдебиетінің көрнекті өкілі Говард Фаст 1914 жылы туды. Жасында ол әртүрлі мамандықта жұмыс істеп, американың жерінің көбін аралады. Халық өмірін жете білгеннен соң ол 1937 жылдан көркем шығармалар жаза бастады. Ең тұңғыш «Балалар» дейтін повестінің өзінде жазушы АҚШ-тағы нәсілдік кемсітуге қарсы батыл үн көтеріп еді. Содан бері Фаст онға тарта роман және көптеген шағын әңгімелер жазып, прогресшіл әдебиеттің алдыңғы сапында келеді.

Фаст шығармаларының көбі тарихи тақырыпқа арналған.

Оның соңғы жылдары жазылған «Бостандық жолы», «Соңғы шекара» романдарында да америка тарихының өткені сөз болады. Алғашқы романның басты кейіпкері — Гидеон Джексон. Ол — негр. Буржуазиялық әдебиет қара нәсілді адамды жігерсіз, ақылсыз, қасиетсіз етіп көрсетсе, Фаст романындағы Джексон өзінің іс әрекетімен, ақыл-ойымен, үлгі-өнегесімен, революцияшыл сенімімен оқушыны қызықтыра тартады.

Жазушы бүгінгі Американы, үшінші соғысты бастамақ болып жанталасып жатқан Американы, қатты сынады. Сондықтан, Фаст шығармаларын бұл елдің соғысқұмарлары жек көреді. Американың полициясы Фастты түрмеге де отырғызды, шығармасына тыйым да салды, оның өміріне қастандық әрекеттер де жасап бақты. Бірақ бейбітшілік пен демократияның белсенді күрескері Говард Фасттың үні бүкіл дүние жүзіне үздіксіз тарауда. Оның шығармалары бірнеше тілдерге аударылды.

Говард Фаст бейбітшілік сақтаудағы еңбегі үшін Бейбітшіліктің халықаралық Сталиндік сыйлығын алды.

М. СӘРСЕКЕЕВ.

Келісімдік мада



Галя жыйынға келмеді

Отряд вожатыы Полуянова Людмила ой үстінде. Оның қатты ойланатын да жайы бар. Үшінші тоқсан қортындысында алгебра мен геометрия пәнінен үлгермеушілер саны бұрынғы тоқсандарға карағанда көп. «Бұл қалай?» дейді ол ішінен. Әйтсе де, сұраққа жауап табу қыйын-ақ. Мана отряд советі мүшелерін жыйнап алып:

— Бұған қалай дейсіндер? Сынақ та таяу қалды. Ал, үлгермеушілер болса жылжыр емес,— дегенде, әдеттегідей олар да мардымды жауап бермеді. Қашанда осылай, шешіле сөйлемейді. Бар шешімді вожатыдың өзінен күтетіндей жалтақтап қарай береді.

— Быйыл алғаш рет оқыдық қой.

— Өзі қыйын пән,— дегеннен басқа айтары да жоқ.

Жыйналды. Үнсіз отырды. Сонымен таранды. «Басқа отрядтарда да осылай ма екен? Бұлармен қалай жұмыс істемексін? Бәрін де өзің ойла, бәрін де өзің айт. Айтпасаң үндемейді. Көрсетпесең істемейді,— деп кейіді Людмила.— Жеті-сегіз айдан бері әбден шаршап-ақ біттім».

Ақыры тарам-тарам ойдың түйіні жыйын өткізуге келіп тірелді. «Жыйын өткізу керек. Аялдауға болмайды!» Келесі күні Людмила отряд советінің председателі Галя Щепановаға:

— Таяуда алгебрадан пәндік жыйын өткіземіз. Кімнің не сөйлейтіні мұнда жазылған. Дайындалындар,— деді де, жұқарак көк дәптерді ұстатты.

Галя дәптер бетінен өзінің және қабырға газетінің редакторы Валя Софронованың, отряд советінің мүшесі Люда Архипованың, оқу озаты Людмила Агрискованың аттарын көрді. «Жыйын болса осылардан басқа ешкім сөйлемей ме?» — деп іштей реніш білдіргенмен, ашық айтуға батпады ол. Вожатыдың қашанда өзі жасап бергенін орындамаса, ренжитінін жақсы біледі. Оның үстіне «Біз жас математиктерміз» деген тақырыбы да ұнап тұр. «Жыйын тақырыбын жақсы таңдайды»,— деп сүйсінді де.

Отряд пионерлері жыйын болатынын бірекі күн қалғанда ғана білді. Бірақ, сол жый-

ынға қызу әзірлік отряд өмірінде байқалған да жоқ. Күн әдеттегісінше өтіп жатты.

Жыйын өтетін күні отряд советінің мүшелері мен звено вожатылары қызу қыймылда болды.

— Бүгін түстен кейін жыйын болады. Келмей калмандар,— деп әр пионерге бір емес, бірнеше рет ескертумен әуре.

Қаншама айтқанмен, жыйынға, 36 пионердің 20 сы ғана жыйналды. Келмеушілердің бірі — Люда Немаровская. Люда бірінші тоқсанда геометрия мен алгебрадан «4» пен «3» бағаға оқыды. Екінші тоқсанда екеуінен де «үштік» баға алды. Үшінші тоқсанда сырғып «екілікке» түсті. Сонан көтеріле алмады. Неліктен? Бұл сұрау отряд пионерлерінің әрқайсысының ойына келгенмен, байыптап мәніне баруды ескермеді. Әр жыйында немесе жеке «Жақсы оқу керек. Сен неге нашар оқыйсың»,— деген жалпылама сөзбен ғана тынып отырды. Қашанда сөз бар да, іс бар ғой. Айтқан да жөн, ұғындыру да керек. Ең бастысы — достық қамқорлыққа алып, нақтылы көмек беру керек. Міне, мұны отрядтың пионер активі ойдан шығарды.

Люда жыйынға келмеді. Неге?

Оған Люданың өзі жауап берді бізге:

— Жыйын бізде көп болады. Бірақ, қызықсыз. Үш-төрт пионер ғана жаттап алған сөздерін сөйлейді. Қашанда бір сарындас. Әбден зеріктіреді...

Тапсырма көп, ал нәтиже ше?

Витя Ильичевтің шешесі № 2-тігін фабрикасында жұмыс істейді. Ол — өндіріс озаты. Ал, Витя болса, оқуда көптеген пәндерден «екілік» алады. Қласс жетекшісі Мария Андреевна Германюк оның шешесімен бұл жайлы бірнеше рет әңгімелесті де, Витяның өзімен де сөйлесті.

— Жақсы оқыймын-ақ деймін, Мария Андреевна. Бірақ, кейде оқып отырғанда кей жерін түсіне алмаймын. Сонан соң оқуға зауқым соқпайды,— деп ашық мойындады ол.

— Саған көмектесуге Люданы бөлдік деп еді ғой?

— Кім?

— Галя Щепанова.

— Ол рас,— деді Витя тағы да мойындап.— Бірақ, Люданың онсыз да тапсырмасы көп.

Бұл шындық еді. Люда Архипова — отрядтың қабырға газеті редколлегиясының мүшесі. Ол — жас натуралистер үйірмесіне де мүше. Қоркем-өнершілер үйірмесіне де қатысады. Оның үстіне қандай да жыйын болмасын, ол сөзсіз сөйлеуге тиіс. Оған да әзірлік керек. Тағы да звено вожатыйы. Тек бұл ғана ма? Үлгере алмаушыларға көмектесу де оған тапсырылған. Жалғыз Люда ғана емес, мұндай бірнеше тапсырмаларға Валя Теплякова да, Валя Софронова да ие. Галя Щепанова әрі отряд советінің председатели, әрі I звеноның вожатыйы.

Сұрыптап келгенде пионерлердің көпшілігінде тапсырма жоқ.

— Неге бұлай?

— Біз орташа оқыйтындарды үйірмеге қатыстырмаймыз,— дейді отряд советінің мүшелері.— Онан да сабақ оқысын.

Неге қатыстырмасқа. Қайта пәндік үйірмелер олардың ойын өрістеп, үлгірімін арттырмай ма? Бір пионерге бірнеше тапсырманы арта салу, әрине, дұрыс емес. Оны оқу үлгерімінің өзі-ақ бадырайтып көрсетіп тұр. Люданың өзін алайық. Ол бірінші токсанда география пәнінен «5» алды. Екінші токсанда «4» ке сырғыды. Қазір ше? «3» те кездеседі табелінен.

— Рас, тапсырма көп. Ал, нәтиже ше?..

Отрядтың пионер активі мүдіріп қалады. Онан әрі жауап бере алмайды...

Өкәмен әңгіме

Галя Архипова кесте тігуді ұнатады. Әкесі жұмыстан келген сайын қызын кесте тігіп отырғанда көреді. Оның өнеріне ішінен сүйсінеді де. Кейде өзі де қасына келіп отырып, нәзік саусақтың шапшаң қыймылына ұзақ қарайды. Бір жолы:

— Галя, сен өзін кесте тігуді жақсы үйренгенсің. Үйірмедегілердің бәрі де осылай тіге ме? — деп сұрады.

— Бізде үйірме жоқ,— деді Галя басын шайқап.

— Қалайша? — деді әкесі таңғалып.

— Сол.

Галя әлдебір реніш білдіргендей шытынып:

— Біздің отрядта әркім өзінше шұғылданады.

— Мүмкін емес,— деп әкесі сенбегендік білдірді.— Жақында өзің журналдан «Жас кестешілер» деген мақаланы оқып бермедің бе?

— Оқыдым. Ол — журналдағы нәрсе ғой. Ал, іс жүзінде олай болады дегенге сенбеймін.

— Бұлай ойлауың дұрыс емес. Отряд сендерді өнерге де баулайды.

Бұл кеште қызы қаншама дәлелдесе де, әкесі сенбейтінін білдірді. «Әлдебір нәрсеге ренжіген соң айтып отырған шығар» деп түйді ойын. Бірақ, бір жолы өзі жұмыс істейтін селолық магазинге екі бала келді. Олар магазин ішіндегі ойыншықтарға қызыға қарап тұр. Әсіресе, әдемі сырмен боялған, ағаштан жасалған самолет моделі ұнағанға ұқсайды. Көз алмайды. Ажарынан сүйсінгендік байқалады.

— Қалай, ұнап тұр ма?

— Өте жақсы жасалған,— деді тәпелтек бойлы сары бала.— Эх, дәл осындай модель жасаса!

— Неге жасамасқа. Бұл— қыйын емес қой. Үйренуге болады.

— Әрине, үйренуге болады ғой,— деді әлгі бала солғын үнмен.— Ал, соны кім үйретеді бізге?

— Пионерсіңдер ғой?

— Я.

— Қай класта оқыйсыңдар?

— 6-класта.

— Отрядта үйретпей ме?

Балалар үндемей қалды. «Үйретпейді» — деп ашық айтуға қысылған тәрізді. Күмілжиді. Бұлар Федор Нартов пен Михайленко еді. Олар да Галя Архиповамен бірге оқыйтын.

— Қыста өткен «Пионерская правда» газетінің жүлдесін алу жарысына түгел қатыса алмадық. Тіпті, 5-«в» класында оқыйтын



Қойбағарова I орын алды. Ал, ол өткен жылы шаңғымен жүре алмайтын еді. Отрядта үйренді. Бізде ше? Тіпті, көңілсіз,— дейді отрядтағылар.

Сұрауға жауап

Кемшілік неде? Отряд ісі неге көңілсіз? Бұл сұраққа жауапты отряд пионерлерінің өздері берді.

— Отряд жоспарын отряд советі мүшелері өздерінше жасап, бізге жай оқып шығады. Қағазда жазылған іс көп те, орындалатын іс аз.

— Рас-ау. Колхоздың егіс даласы да, ферма да алыс емес. Қала да жақын. Бірақ, бірде-бір қызық саяқатқа шыққанымыз жоқ қой.

— Талай кездесулер де жоспарланды, бірі де болмады.

— Спорттық жарыстар да аз өтеді. Отряд кітапханасы неге ұйымдастырылмайды бізде?

Әртүрлі тілектер де, ұсыныстар да көп. Мұның бәрі өткен күзде отрядтың есеп-беру сайлау жыйынында да айтылған. Пионерлер отряд советі мүшелерінен көп үміт те күтті.

— Шынында,— дейді отряд активі.— Біздің ісіміз неге көңілсіз болды?

Оған басты себеп — отряд советінің мүшелері жақсы істің бастамашысы да, ұйымдастырушысы да бола алмады, пионерлердің іске ынтасын арттыра бермеді, оларды өздігінен талпынуға баулыл білмеді, оқу үлгерімін арттыру, тәртіпті нығайту берік пионер коллективін құруға байланысты еді. Пионерлер тілегіне сай жүргізілген іс әрі қызықты, әрі пайдалы болады.

Міне, сұрауға жауап осы.

С. Сарғасқиев,

Алматы селолық ауданындағы 75-мектептің 6- „а“ класы. Алматы облысы.

Редакциядан: Кейде: «Біздің отрядта жұмыс неге көңілсіз?»— деген сұрақты естуге болады. Кейбір пионер отрядтарында жақсы жоспар жасалады, онда саяқаттар да, жыйындар да, кездесулер де айтылады. Дегенмен олар көбіне қызықсыз өтеді. Отряд жұмысының жақсы болуы, жұмысты пионерлер тілегіне сай ұйымдастыра білуде. Отряд жұмысына пионерлердің бәрі қатысуы керек.

Сендер «Кемшілік неде» деген мақаланы оқып шырып, талқылаңдар. Өз отрядтарындағы жұмыстар жайлы бізге жазып жіберіңдер.

Ақтөбе

(Салынғанына 85 жыл толуына)

«Алматы — Москва» поезына мініп, сапарға шықсаң, республикамыздың бірнеше ірі-ірі қалаларын көресің. Бір кезде алдыңнан ақ шатырлы әсем үйлерін темір жолдың екі жағына жая жатқан Ақтөбе қаласы шығады. Оның биік трубалы алып заводы, еңселі келген биік-биік үйлері, жайқалып тұрған жас теректері жолаушы жанарын еріксіз тартады.

Ақтөбе — Елек өзенінің батыс жағалауына орналасқан қала. Оның негізі 1869 жылдың 15-июлінде бекініс ретінде салынған. 1878 жылы Воронеж, Курск, Тамбов губернияларынан переселендер келіп, бірте-бірте үлкейе бастайды. Бірақ Октябрь революциясына шейін Ақтөбе өте бір көріксіз кішкентай қала болатын.


Ақтөбеде 1918 жылы совет үкіметі орнайды. Интервенттер жас совет үкіметін құлатпақ боп тарпа бас салған кезде, 1919 жылдың август — сентябрь айларында, Ақтөбе маңында қатты ұрыс болған. Мұнда талантты колбасшы М. В. Фрунзе басқарған Түркстан майданының I Армиясы Колчактың оңтүстік армиясының тас-талқанын шығарып, Ақтөбе аймағын азат етеді.

Ақтөбе қаласының Қазақстан тарихында алатын орны өте үлкен. Онда 1920 жылдың январында бірінші рет Түркстан майданының ревком, реввоенсоветі шақырған советтік қазақ конференциясы өтеді: конференция жұмысына В. В. Куйбышев қатысқан. Осы конференцияда Қазақстан партия ұйымының негізі құрылады.

Совет заманында көркі де, өмірі де өзгеріп Ақтөбе әсте болмаған дәрежеге көтерілді. Аты әйгілі өндірістік қалаға айналды. Ақтөбе ферресплав заводы, химия комбинаты қазір әлемге әйгілі. Олардың өндіріс пен ауыл шаруашылығы үшін мәні зор. Бұларда Ақтөбе мектептерінен білім алған ұлт кадрлары жұмыс істейді. Қазіргі кезде Ақтөбеде 25 оқу орны бар. Олардың ішінде әйелдер мұғалімдік институты, педагогикалық училище, теміржол техникумы жастарға білім беруде, қала мәдениетін көтеруде зор қызмет атқарып отыр.

Ақтөбе — 1932 жылдан бері облыс орталығы, күнбе-күн өсіп, дамып келе жатқан, келешегі зор советтік қалаларымыздың бірі.

I. МӘМБЕТОВ.



В. Хрящев.

(Алыс сапарға жүзуші теңізшінің жазғандарынан)

Біздің кемеміз жаздың ыстық бір күнінде Американың үлкен порты — Нью-Йоркке келіп, үстіндегі жүгін түсіріп жатты.

Күн ыстық-ақ, шыжытып барады. Кемеді жүк түсірушілерден өзге еңбектеніп жүрген бір ғана әйел бар — ол буфетші. Буфетші әйел тарелкаларды, вилкаларды, пышақтарды текшедегі ұяларға қойып, салдыратып жүрді. Біз түскі тамақтан кейін кеменің артқы сөресінде саялап, демалып жатырмыз.

Осы кезде қатты шыққан дауысқа елең ете қалған біздің көзіміз буфетшінің баспалдақпен төмен жүгіре жөнелгенін шалып қалды. Біздер де тұра жүгіріп жағаға келсек, Маша апай бірденені кеудесіне қапсыра қысып складка қарай зымырап бара жатқан кішкентай негр баласын қуып барады екен.

Әлгі бала темір жолды кесіп өте бергенде, сүрініп кетіп жалп ете қалды. Біз оның құлағымен зәресі кетіп, қара бұйра басын бұға, екі қолымен жасқағанын көрдік. Маша апай еңкейіп оның басын сыйпап, бірденелер айтқан болады. Ол баланы ақырын көтеріп тұрғызып кемеге қарай жетеледі. Бала тартына жүріп келеді. Тәрізі Маша апайдың еркелете айтқандары баланы еліктірді-ау деймін, енді ол батылдана адымдады.

Біз де келіп, бұл екеуін қоршай қалдық.

— Мен ыдыс-аяқты жуып болған соң, стол үстіндегілерді сыпырып алып, жуындыны төгуге шығып едім, — деді Маша апай. — Кеменің шетіне келе бергенімде: мына титтей баланың суға белшесінен батып келіп, кемеден шығарылып тасталған нанның қыйқы-

Т О М

Суреттерін салған А. Воеводин.

мын таяқтың ұшымен алып аузына салып жатқанын көріп қалғаным.

Осы кезде біздің асбапшы Иван Иванович шыдап тұра алмай, киіп-жарып баланы қолынан сүйреп, өзінің ас бөлмесіне қарай тартты.

... Бұл не қылған бала, туыстары қайда? Оның көшедегі тастандылармен қоректенетін себебі не?

Бұл баланың аты Том, жасы онда. Оның әкесі сонау бір қыйырдағы Африкада, фашистерге қарсы соғысып жүріп қаза болғанды. Шешесін заводта ток соғып өлтірді. Завод қожалары Томды «мүсіркеп» жұмысқа да алды. Оған берілген жұмыс — кеудесі мен арқасына плакат жапсырып ертеден кешке шейін қала кезу. Плакатта, пәлен деген қожайында, тіс тазалайтын тамаша паста барлығы жазылған. Том пастаның қасиеттерін әнге қосып шырқайды да, оның шындығын маржандай аппақ тісін көрсетіп дәлелдейді. Ал, расында пастамен тазаланбақ түгілі, Томның бұл тістеріне өмірі тіс щеткасы да тимеген еді... Осылайша жылға жуық мезгіл өтті. Бала тапқан ақшасына негрлер тұратын кварталдағы лас құжырадан түнеп жүруге қойка жалдады, тамақ сатып алып тұрды.

Сөйтіп жүргенде бір күні, көшеде жап-жақсы киінген бір топ оқушы Томға тап бермесін бе! Олар Томды тас көшенің нақ ортасына алып ұрып, итше шуылдап кеп, оның арқасындағы тактайға ойнақтады-ай келіп.

Томның қарсыласуға түк дәрмені болмады. Кеудесі мен арқасында қапсыра тактай байланған ол қазір шалқасынан жатқызып қойған тасбақа сыяқты.

Егер мұның үстінен екі жұмысшы келіп шықпағанда, істің неменен аяқталарын кім білсін десеңші.

Осыдан кейін Том жатар орнына ымырт жабыла әрең жетті. Денесі көкпенбек, теңбіл-теңбіл, тістері де опырылған. Бұл — бұл ма? Ең сұмдығы ертең, ол конторға келгенде болды.

Том келісімен «әй тісің қайда? Менің пастамды өткізуге себепкер тістен айрылыпсың

ғой. Сенің енді маған керегің жоқ. Жоғалт көзінді!» — деп қожайын оны қуды да шықты.

Томға өткен күндердің де ақшасы тимеді, қожайын ол ақшаны кешегі төбелесте, оның арқасы мен кеудесінде сынған үйеңкіге жатқыза салды.

Осыдан кейін азаппен ұзақ үш апта өтті. Том ертеден кешке шейін жұмыс іздеп табанынан таусылды, қайда келсе де оған: «жұмыс жоқ» деген бір ғана жауап берілді. Енді ол қайда болса, сонда түней кететін болды. Ең сұмдығы — аштық қыйнады.

Том бүгін портқа келіп жетті. Себебі, кемелер тұрған бұл лас, ашы, май-май судың ішінде кемелерден шығарып тасталған тамактардың қыйқымдары жүзетін. Ол соған келген...

Біз Томның аянышты әңгімесін мүсіркей тыңдадық. Сонан кейін біздің асбапшы: «біз әзірше осындамыз ғой, бишара балақай бізде жүре тұрсын» деді. Асбапшыны бәріміз құптай кеттік.

Бірнеше күннің ішінде-ақ, біздің кішкентай досымыз жұнттай боп, оның көз жанырынан балалық ұшқын ойнады. Том бекер отыруды жаратпайды. Өзіне жұмыс сұрап, оның дәйім өзеуреп жүргенін көресін. Ол нақ бір үлкен адамдай-ақ, телеграф жездерін жалтырата ысқылайды немесе сүрткішпен плитаны тазартады. Кешқұрым ол Маша апай мен Иван Ивановичке біраз көмектеседі де, сонан соң бізге келіп өзінің негр өлеңдерін айтады.

Команданың барлық мүшесі Томды жақсы көріп кетті. Ол кемеді тума адамға айналды. Тіпті біздің есімізден жуырда кош айтысатынымыз да шықты. Амал не, ол күн де келді. Біздің Нью-Йорк портынан елге қайтар уақытымыз жетті.

Осы кішкене баланы кемеді қалдыра салсаңызшы, деп капитанға матростар күні ұзын біртіндеп те, топтанып та барып жатыр. Біз капитанға баланы жасырып әкетуді ұсындық. Бірақ капитан бізге халықаралық ережені бұза алмайтынын — Томның Құрама Штаттарының азаматы екенін, сондықтан біздің оны америка өкіметінің рұқсатынсыз әкете алмайтынымызды түсіндірді.

Том бұл жағдайды түсінеді. Ол мысы құрып айналаға қарай береді, қараған сайын оның кара көзінен шерлі сыз білінеді. Қоштасарда біз оған бар қалған ақшамызды жыйып бердік. Маша апай оған ботинка сатып әперді, ал біздің капитан үстіндегі су жаңа былғары бешпентін шешіп берді.

Таң саз бере қолында үлкен бума тамақтары бар Иван Иванович Томды порт қақпасынан шығарып салуға жөнелді. Кетерінде Том біздің әрқайсысымыздың қолымызды ұстап, жеке-жеке қоштасты, сонан кейін ол қыймай қайта кіріп, машина бөлімін тағы бір рет аралап шықты.


Барлық команда сыртқа шығып, оны көзімен ұзатып салып тұр. Полиция ерте түрегелетін болған соң, амалсыздан ешкім де оған қол бұлғап қоштаса алған жоқ.

Том артына, кемеге жалтақтай қарап Иван Ивановичтың алдында, ілгері басқан аяғы кері кетіп, амалсыз кетіп барады. Сәлден соңақ олар складтың аржағына шығып көрінбей кетті. Жарты сағаттан кейін Иван Ивановичтың жалғыз өзі қайтып оралды. Бұл түні кемеді кірпік қаққан бірде-бір жан болған жоқ. Порт буксирлері де тіркелді. Кемеге таможенің төрелері мен полиция да келіп қалды. Олар документтерді дұрыстады да, қайтып кетті. Жағада тұрған теңізшілер ілгекті ағытқаннан кейін, буксирлер біздің кемені жайлап теңізге жылжыта бастады.

Кеме ең соңғы складтың тұсынан өте бергенде біз Томды көрдік. Ол капитан берген былғары бешпентті киіп, бізге қолын бұлғап тұр. Сонан кейін ол бізге бірдене деп дауыстап, отыра қалып алақанымен бетін басты да, еңіреп қоя берді. Бұл кезде гудоктың ашы даусы созыла шықты. Мұны ести сала Том дөңге жүгіріп шығып, қуып жететіндей-ақ, кемеге тұра жүгірді. Дөңнің шетіне дейін біраз жүгірді де, ол өкпесі өшкен соң басындағы кепкасын қолына алып бұлғады. Тәртіп сақтау ережесі есімізден шығып кетіп, біз де оған қол бұлғап қоштастық. Ал,

кеме шапшаңырақ жүзіп бірте-бірте ұзап кетті де, қаршадай баланың кішкене мүсіні дөң үстінде қалтарып қалып барады...

Жанай сүйреген буксирлерден босанып алды да, біздің кемеміз енді тұрған совет жағалауына қарай емін-еркін қарыштай тартты.



Жаңа КІТАПТАР



«ӘҢГІМЕ ЖӘНЕ ЕРТЕГІЛЕР»

Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы жуырда К. Д. Ушинскийдің «Әңгіме және ертегілер» жыйнағын қазақ тілінде басып шығарды. Жыйнаққа әртүрлі тақырыпқа жазылған жыйырма бес әңгіме, ертегілер кірген.

Сендер «қорқақ Ваня» дегенді білесіңдер ме?

Ол «сабаз» өз аяғының тықырынан да қорқады екен. Бір күні қараңғы түсе үйіне келеді де, әлдекімнің пысылдағанын естіп қалып, әй-пайға қарамастан үйінен шыға қашады. Қараңғыда көсеуді басып кетіп, одан жаман зәресі ұшып:

— Ойбай, әкетайлар! Жәрдем етіңдер, жәрдем етіңдер! — деп айғай салады. Сөйтіп жүргенде сорына қарай шаркесінің бауы шешіліп кетіп есік арасына қыстырылып қалады. — Ой, әкетайлар! Жәрдем етіңдер! Босатып алыңдар! Әлдекім мені жібермей тұр! — деп одан сайын ойбайлайды. Жұрт оны келемеждеп күледі.

Ваняның қорқақтығына сендер де күлерсіңдер-ау. Бұл бұл ма, кітапта одан басқа да күлкілі, әрі қызық талай жайлар бар. Кітаптан сендердің өздерің оқып рахаттанатын, ата-аналарыңа оқып беріп, оларды да сүйсіндіретін көптеген тамаша әңгімелер мен ертегілер табатындарың сөзсіз.

С. ЖҰМАҒАЛИЕВ.

«ТОЛҚЫНДА ТУҒАНДАР»

«Лениншіл жас жеткіншек!

Қандай қымбатты, қандай ардақты атақ! Мен де, менің серіктерім: Сережа да, Саша да, Асқар да, Әділ де, Ажар да лениншіл жас жеткіншектер... Мен бұған дейін өзімді теңіздің дауылды толқынында туғандықтан Дауыл аталғанмын деп ойлаушы едім. Сөйтсем, менің туған кезім революциялық дауылдың да толқынына ұласқан екен ғой», — дейді жазушы Әбу Сәрсенбаевтың «Толқында туғандар» романының бас кейіпкері Дауыл.

Бұл кітапта Ұлы Октябрь социалистік революциясына дейінгі Каспий балықшыларының ауыр, азапты өмірі, орыс, қазақ еңбекшілерінің азаттық үшін күресі суреттеледі. Каспий жағалауындағы қазақ балықшылары озат ойлы орыс еңбекшілерімен қол ұстасып, қанаушы таптарға қарсы күресте біріге бастайды.



Осы күрес үстінде олардың достығы нығая түседі. Ақыры еңбекшілер аңсаған армандарына жетіп, азаттықты өз қолдарымен жеңіп алады. Революциялық күрес толқынында Дауыл, Сережа, Асқар, Әділ, Ажар, Раушан сыяқты лениншіл жастар шынығып, өсіп шығады.

Халқымыздың күрес тарихын зерттеуде бұл кітап сендерге едәуір көмек көрсете алады.

Х. ТІЛЕҚОВ.

МОСКВА МЕХАНИЗАТОРЫ

Өмірдің ұзақ жолында
Өзінен бұрын ойы озған
Чемоданы қолында,
Түсті жігіт поездан.

Тың жерге алғаш сапары,
Асығу бар жүзінде.
Пугевкасын атады.
— Маған «Коммунизмге».

Қарсы алды оны алыстан,
Колхоздың карт пен жастары.
Қайнады еңбек әр тұстан,
Тың жерге жорық басталды.

Жібiттi қатты жер тоңын,
Қуатты күштің қарқыны.
Барады бастап ер қолын
Москва механизаторы.

С. ЖИЕНБАЕВ.

Қызыл Орда.

КӨКПЕК ПЕН БИДАИ

Өсіпті Көкпек,
Күн көріп ептеп,
Тақыршақта тырбыйып,
«Кең далаға
Қожамын дара» —
«Күмпілдепті» тырсыйып.
... Өтіпті жылдар.
Жаңарып қырлар
Таялды тықыр Көкпекке,
Бауыр басқан,
Тақыршақтан
Шынымен ол кетпек пе?
Түсіпті көзі,
Сенбепті өзі
Көршісін көріп даладан.
Кім еді асқақ,
Көкпектен аспақ,
Биіктен паңсып қараған?
Толқыйды Бидай,
Қауызға сыймай,
Дәнді басы иіліп.
Қарайды Көкпек,
Аңыздан шеттеп
Кеткеніне күйініп.

Ж. СМАҚОВ.





Жас қамқоршылар

Малды қоралап болып, үйге кірісімен баса киген тымағын шешіп, қар аралас жаңбыр суын қағып жатқан Жанбай: «Көке, көке» — деп аяғына орала кеткен алты жасар баласы Бақытты құшақтап:

— Бақытым, Бақытжаным менің... Мектепке оқығанда сен де солардай бол, солардай...— дей берді.

— Аты-жөні жоқ соларыңа жол болсын, сені сонша ынтық, риза қылған «соларың» кім — деп әйелі баласын айналып жатқан Жанбайға тандана қарады. Ол:

— Айтайын, қазір айтайын... қазір — деп, су киімдерін шешіп жайғасып отыра бастады...

Ол былай болатын:

... 4-«а» класс оқушылары сабақтарын бітіріп, үйлеріне қайтқанда, таңертеңнен түнерген қалың қара бұлт бір тарқамай, бір де қар, бір де жаңбыр болып езіліп жауып тұрған.

Мойнына ұқыптап байлаған қызыл галстукті, толықша денелі, қызыл шырайлы, сүйкімді қара бала бір қолына сумкасын, бір қолына бас киімін ұстаған күйі ауаға айнала қарап қойып:

— Пионерлер!.. Бүгін ұйымдасқан түрде колхоз фермаларына

барайық, ауа райы бұзылған екен,— деді. Бұл оқу отличнигі, сол кластың старостасы Еркін болатын.

Бұдан бұрын бірнеше рет фермаларда болған, бұл істі әдеттеріне айналдырған пионерлер. Еркіннің сөзін бар ықластарымен қарсы алды.

Белгілеген уақыттарында жыйналған пионерлер әрқайсысы 5-6 дан топ-топ болып бөлініп «еншілеріне» тиген қой қораларына қарай беттеді.

Бұлар келе жатқан Сталин атындағы колхоздың екі қой қо-



расы — алды бастырмалы, айнала дуалмен қоршалған кең қора болатын. Аязсыз күндері қойлар бастырманың астында жататын. Бүгінгі қар аралас езіліп жауған жаңбыр қой қыйымен араласып қора іші қою батпаққа айналған. Пионерлер келгенде, малшылар қораны тазалап жатыр екен.

— Міне, балалар да келіп қалды,— деді орта жастағы денелі ақ құба сары әйел — Үміт.

— Ой, айналып кетейіндер-ай!.. — деп жалт қараған Жанбай күректі қыса ұстаған бойы қайта іске кірісті.

Өздерінің неге келгенін жақсы білетін пионерлер бірі құрғақ қый шашысып, бірі күрек күреп, әрқайсысы өз істеріне қызу кірісіп кетті...

— Ой балаларым-ай, қандай жақсы едіңдер! Істеген істерің сондай тыянақты, сондай өнімді,— деді бағанадан балалардың істеген істеріне сүйсіне, қызығып қарап қойып жүрген Үміт.

Колхоз қойларын қораға кіргізіп жайлағанда, күнімен қоймай жауып тұрған жаңбыр да толастаған. Бұлт арты түріліп, батардағы күн сәулесімен қызыл жиектегіп, жер үсті кешкі нұрға бөленді.

Келген жұмыстарын орындап, істеген жұмыстарын қызу әңгіме етісіп балалар қайтып бара жатты. Балаларға алғысын айтып, үйіне қарай беттеген Жанбай балалардың артынан қарап әңгімелеріне құлағын салған бойы:

— Бұлар әзір колхоз малының жас қамқоршылары, ертең еліміздің өнерлі азаматы,— деген еді...

РЫСБЕК ШАҒЫРБАЕВ.

Түркстан қаласы.


Редколлегия мүшелері: Баранов К., Бегалин С., Дарқанбаев Т., Ерғалиев Х., Ибраева А., Иманжанов М., Қыйрабаев С. (редактор), Нұрқатов А., Нұртазин М.

Республикалық газеттер баспасы.

Техникалық редактор И. Перлов.

г. Алма-Ата, проспект Сталина, дом № 79, редакция журнала «Пионер».

Подписано к печати 14/IV 1954 г. УГ03200. Бум. 84×108¹/₁₆ — 0,75 бум. 2,46 т. л. Тираж 20 000. Полиграфкомбинат Главиздата Министерства культуры КазССР. Заказ № 643.



Дешалы

УАКЫТЫҢАА



КРОССВОРД

Көлденеңінен оқығанда:


6. Ұлы қолбасы. 7. Балық түрі. 8. Урал бойындағы обылыс. 13. Азиядағы ел. 14. Америкадағы өзен. 15. Қыйыр шығыстағы теңіз. 20. Ұлы орыс ғалымы. 21. Азамат соғысының батыры. 29. Ешкі. 30. Шетел. 31. Африкадағы қала. 34. РСФСР-дағы обылыс. 35. Шетел астанасы. 36. Ұлы биолог.

Тігінен оқығанда:

1. Қолбасы. 2. Шетел астанасы. 3. Үлкейткіш аспап. 4. Поэзияның бір түрі. 5. Краснодардық батыр. 9. Европа өзені. 10. Шетел астанасы. 11. Көрнекті құрал. 12. Халықтық демократия елінің астанасы. 16. Бір мағналы түрлі тұлғалы сөздер. 17. Гончаров шығармасы. 18. Адам мүшесі. 19. Ұлт. 22. Мағнасы жуық сөздерді алмастырып айту тәсілі. 23. Азия мемлекетінің астанасы. 24. Шетел астанасы. 25. Қымбат бағалы матаның түрі. 26. Батыс Европа өзені. 27. Әскери чин. 28. Күлдіргі пьесе. 32. Пән. 33. Шетел астанасы.

Ә. ОШАНОВ.

Қарағанды облысы.



ЖАУАПТАР

«Пионер» журналының 1954 жылғы 3-номерінде басылған «Географиялық чайнворд», «Қай ұлт», «Бұл қандай нақыл сөз», «Бұл кімнің» жауабы.

«ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ЧАЙНВОРД»

1. Вайгач. 2. Чкалов. 3. Вена. 4. Азия. 5. Якут. 6. Терек. 7. Киев. 8. Волга. 9. Азов. 10. Воронеж. 11. Житомир. 12. Рига. 13. Америка. 14. Архангельск. 15. Калинин.

«4»

1. Киев. 2. Вена. 3. Атом. 4. Марс. 5. Сена. 6. Алма. 7. Азот. 8. Тула. 9. Азон. 10. Нота. 11. Атан. 12. Нұра. 13. Амур. 14. Рига. 15. Анод. 16. Дана. 17. Арфа. 18. Акын. 19. Неон. 20. Нерв. 21. Ваза. 22. Атақ. 23. Қант. 24. Танк. 25. Кеме. 26. Есік. 27. Каир. 28. Ромб. 29. Бром. 30. Март. 31. Таға. 32. Арал. 33. Лира. 34. Ақық. 35. Кару. 36. Урна. 37. Араб. 38. Бокс. 39. Сочи. 40. Ирак. 41. Квас. 42. Серб. 43. Бизе. 44. Есеп. 45. Парк.

«КАЙ ҰЛТ?»

Қырғыз.

«БҰЛ ҚАНДАЙ НАҚЫЛ СӨЗ»

«Егер жау берілмесе, оны құртар болар».

«БҰЛ КІМ?»

1. Панаев. 2. Куприн. 3. Ш. Шншков. 4. Майков. 5. Щедрин. 6. Герцен. Сонда Пушкин фамилиясы шығады.

Дұрыс шешуін бірінші жібергендер:

А. Нұрәділов (Ташкент облысы),

Е. Ахметов (Батыс Қазақстан облысы),

А. Жұмабаев (Қарағанды облысы),

К. Иманбаева (Аякөз қаласы),

Ж. Хамзина (Гурьев облысы),

С. Айнашбеков, Ү. Уайдин (Алматы облысы),


М. Утепов (Қазалы),

Р. Қасымжанова

(Талдықорған облысы).

ШАХМАТ

Мына шахмат ойынында екі жүріспен мат қою керек. Бұл қалай?



АНАГРАММА

Егер «Х» дан бастасаң, Алыстан хабар алғызар. «Х» ны алып тастасаң, Алысқа жылдам барғызар.

Жіберген С. Алданазаров. Ақтөбе облысы.

